

# Алатау

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

@ alatau.offset@mail.ru

alatau\_gazeti

alatau\_gazeti

АҚОРДА

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОБЛЫС ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМІ БЕЙБІТ ИСАБАЕВТЫ ҚАБЫЛДАП, ӨНІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ЖӨНІНДЕ БАЯНДАМАНЫ ТЫҢДАДЫ. СОНДАЙ-АҚ, ОБЛЫСТАҒЫ АЛДАҒЫ КЕЗЕҢГЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАРМЕН ТАНЫСТЫ.



Кездесу барысында өңір әкімі облыста атқарылып жатқан жұмыстардың негізгі нәтижелері мен даму бағыттарын кеңінен баяндады.

Бейбіт Исабаевтың мәліметінше, 2025 жылдың қорытындысы бойынша өңірде негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің барлығы жоспарға сай орындалған. Жетісу облысына 610 миллиард теңге көлемінде инвестиция тартылып, көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 12,8 пайызға жоғарылаған. Бұл өңір экономикасының тұрақты өсімін және инвестициялық тартымдылығының артып келе жатқанын көрсетеді.

Ауыл шаруашылығы саласында да айтарлықтай ілгерілеу бар. Атап айтқанда, агроөнеркәсіп кешенін дамыту жоспары жүзеге асырылып, егіс алқаптары ұлғайтылған. Әсіресе қант қызылшасының көлемі кеңейтіліп отыр. Сонымен қатар, Ақсу және Көксу қант зауыттарының өндірістік қуатын екі есеге арттырып, оны 950 мың тоннаға жеткізу бағытында нақты жұмыстар жүргізілуде.

Өңірдің индустриялық әлеуеті де артып келеді. Соңғы үш жылда Жетісу облысында 29 жаңа өндіріс нысаны іске қосылып, 7 кәсіпорын кеңейтілген. Соның нәтижесінде 1841 жаңа жұмыс орны ашылды. Бұл халықты жұмыспен қамту деңгейін арттыруға және өңір экономикасын әртараптандыруға ықпал етуде.

Болашақ жоспарларға сәйкес, 2027 жылға дейін жалпы құны 94,4 миллиард теңгені құрайтын 23 инвестициялық жобаны жүзеге асыру көзделіп отыр. Олардың қатарында құс фабрикалары, мал бордақылау алаңдары, балық шаруашылығы және жылыжай кешендері сияқты маңызды агроөнеркәсіптік жобалар бар.

Инфрақұрылым саласында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Қазіргі таңда Жетісу облысының газдандыру деңгейі 67,2 пайызға жетіп отыр. Бұл халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадамдардың бірі.

Жалпы алғанда, Жетісу облысы әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын сақтап, жаңа инвестициялық жобалар мен инфрақұрылымдық бастамалар арқылы өңірдің әлеуетін одан әрі арттыруды көздеуде.

Өз кезегінде, Мемлекет басшысы облыс әкіміне Қытай Халық Республикасымен шекаралас «Достық» бекетіндегі және «Қорғас» арнайы экономикалық аймағындағы жұмыстарды тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ Алакөл, Балқаш көлдері жағалауындағы демалыс орындарын, тау туризмін қарқынды түрде дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ҚР Премьер-Министрінің ресми сайты

## БАЙҚАУ

### «ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ»

«Алатау» газеті штаттан тыс тілшілер арасында 1941-1945 жылдардағы соғыс майданындағы жауынгерлер есімін есте сақтау мақсатында байқау жариялайды. Олардың ерліктері арқасында бейбіт өмірге жеткенімізді жас ұрпаққа баяндап отыру – міндетіміз. Естеліктер осы байқау жарияланған күннен бастап 9 мамыр Жеңіс күніне дейін қабылданады. Көлемі А-4 пен 2 беттен аспауы тиіс. Жеңімпазға сыйлық редакция алқасының шешімімен беріледі.



БОЛАШАҚ ЖУРНАЛИСТЕР  
НАЗАРЫНА!

Сіздерден Ұлы Отан соғысы жылдарында майдандағы жауынгерлер ерлігін газет беттерінде жариялап, ерлігін елге танытқан қазақстандық әскери тілшілер мен фото тілшілер туралы жарияланымдар күтеміз. Ізденістеріңіз «Алатау» газетінде 26 маусымға дейін жарияланады. Үздік мақалаға бас редактордың жүлдесі бар.

Жарияланған мақалалар ТМД елдері құрған «Отанға тарту – Подарок Родине» чатында жарияланады. Чаттың әкімшісі елімізге танымал ғалым-тарихшы, журналист, Қазақ Ұлттық университетінің белсенді профессоры Ләйлә Ахметова.

Байланыс телефоны: 8 776 970 0718

Э/пошта: alatau.offset@mail.ru

## БАСПАСӨЗ - 2026

Жазылу базасы:

редакция арқылы

1 жылға – 4 212 теңге.

«Қазпошта» арқылы жеке тұлғаларға

1 жылға – 6 550,96 теңге.

«Қазпошта» арқылы заңды тұлғаларға

1 жылға – 8 925,28 теңге.

Цена подписки:

через редакцию

на год – 4 212 тенге.

через «Казпочту» для физических лиц

на год – 6 550,96 тенге.

через «Казпочту» для юридических лиц

на год – 8 925,28 тенге.

Жетісу облысы бойынша жазылуы индексі: 15534

Подписной индекс для других регионов РК: 65534



## ҚЫСҚА ДА НҰСҚА

### ТРАМП АҚШ-ИРАН АРАСЫНДАҒЫ СОҒЫСТЫҢ АЯҚТАЛҒАНЫН МӘЛІМДЕДІ

Fox News Дональд Трамптың АҚШ пен Иран арасындағы соғыстың «аяқталды» деген сөздерін жариялады, деп хабарлайды Dalanews.kz.

Бұл туралы Трамп Fox Business арнасының журналисі Мария Бартиромоға берген сұхбатында айтты, ал журналист өз кезегінде Х әлеуметтік желісінде жариялады. 8 сәуірде екі тарап екі аптаға атысты тоқтату туралы келісімге келген, ал 11 сәуірдегі Пәкістандағы келіссөз нақты нәтиже бермесе де, АҚШ вице-президенті Джей Ди Вэнс «айтарлықтай ілгерілеуге» қол жеткізілгенін айтып, келесі қадамның Иранға байланысты екенін мәлімдеді. Бұл кездесулер соңғы он жылдан астам уақыттағы алғашқы тікелей талқылау болып, 1979 жылғы Ислам революциясынан бері ең жоғары деңгейдегі диалог саналады. Reuters пен The Atlantic дереккөздері бойынша келіссөздердің келесі кезеңі алда.

### СУ ҮНЕМДЕУ ИДЕЯСЫ КЕҢІНЕН НАСИХАТТАЛУДА

Су үнемдеу жөніндегі жол картасы шеңберінде әлеуметтік желілерді пайдалана отырып, үкіметтік емес ұйымдарды тарта отырып, орта және жоғары оқу орындарында су үнемдеу мәдениетін қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар жоспарланған. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, 2025 жылдан бастап әуежайларда, қоғамдық көліктерде және әкімшілік ғимараттарда ақпараттық материалдарды орналастыру арқылы су ресурстарын ұтымды пайдалану мәдениетін арттыру бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Жастармен жұмыс істеуге ерекше көңіл бөлінеді. Бұл жайында ҚР су ресурстары және ирригация вице-министрі Талғат Момышев ОКҚ алаңында айтты.

### МӘМС 2.0 РЕФОРМАСЫ

МӘМС 2.0 реформасының жиынтық экономикалық әсері 255,2 млрд. теңгені құрайды. Премьер-министрдің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында 2026 жылғы қаңтар-наурыз айларындағы мемлекеттік қаржының атқарылу барысы қаралды. Негізгі баяндаманы қаржы министрі Мәди Такиев жасады. Оның мәлімдеуінше, трансферттерді есептемегенде мемлекеттік бюджеттің кірісі 6,4 трлн. теңгені құраған, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 931 млрд. теңгеге артық.

### ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ БАРЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Қала әкімі Ернат Бөзіл Шевченко-Қабанбай батыр және Дайыров көшелерінде жүргізіліп жатқан жол жөндеу жұмыстарының барысын тексерді.

Алдымен қала басшысы Шевченко-Құрманов көшесінде атқарылып жатқан орташа жөндеу жұмыстарының жай-күйімен танысты. Қазіргі таңда бұл көшеде жол жабынын жаңарту және жаяу жүргіншілерге арналған тротуар салу жұмыстары жүргізілуде.

Ал Дайыров көшесінде арық жүйелерін орнату және жол жабындысын тегістеу жұмыстары басталып, қарқынды жүруде.

Қала әкімі мердігер ұйымдарға бірқатар нақты тапсырмалар жүктеді. Атап айтқанда, көше тротуарларын толық қалпына келтіру, жол сапасын арттыру, инженерлік инфрақұрылымды ретке келтіру, сондай-ақ заңсыз орнатылған сауда нысандарын алып тастау қажеттігін атап өтті.

### ЖАРКЕНТТЕ АРДАГЕРГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Жетісу облысы Панфилов ауданы бойынша Шекара қызметі департаментінің құрылғанына 102 жыл толуына орай салтанатты шара өтті. «Застава тарландары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы генерал-майор М. Сабидолданов Жаркент шекара отрядының ең жасы үлкен ардагері, отставкадағы майор Владимир Байроманға құттықтау хатын беріп, ақшалай сыйлық табыс етті. Бұл оның ардагерлер ұйымына қосқан елеулі үлесінің жоғары бағаланғанының белгісі болды.

### ӘСКЕРИ ЖУРНАЛИСТ ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫНА ҚАБЫЛДАНДЫ

Алматы қаласында өткен Қазақстан Жазушылар одағы дәстүрлі әдеби жыл қорытындысында ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментінің әскери журналисі Манарбек Қарекенов Қазақстан Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданды.

Манарбек Қарекеновтің Қазақстан Жазушылар одағы қатарына қабылдануы – оның әскери журналистика саласындағы еңбегіне берілген жоғары баға болып табылады. Сонымен қатар, бұл жетістік әскери-патриоттық бағыттағы шығармашылықтың маңыздылығын айқындай түседі.

### МАЛ ҰРЛАҒАНДАР КӨЛІГІНЕН АЙЫРЫЛДЫ

Жетісу облысында мал ұрлығы үшін сотталғандар тек жаза алып қоймай, қылмысқа пайдаланған көліктерінен айырылды. Прокуратура мұндай шаралар қатаңдатылатынын ескертті, деп хабарлайды BAQ.KZ.

Мәселен, Қаратал ауданында үш адам екі бас ұсақ мал ұрлағаны үшін сотталды. Шығын сомасы 140 мың теңге болса да, көліктері тәркіленіп, материалдық зардап айтарлықтай өсті. Панфилов ауданында да жергілікті тұрғын мал ұрлығы үшін 5 жылға шартты жаза алып, көлігі мемлекет меншігіне өтті.

Облыс прокуратурасы мал ұрлығы үшін мүлкіті тәркілеумен бірге 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру мүмкіндігі бар екенін ескертеді.

(Ақпараттар ашық дереккөздерден алынды)

# МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫНА ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ



2026 жылғы 1 сәуірден бастап Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына 2026–2027 оқу жылына құжат қабылдау науқаны басталды. Үміткерлер 1 маусымға дейін admission.apa.kz ақпараттық жүйесі арқылы онлайн өтініш бере алады.

Биыл мемлекеттік грант аясында магистратураға шамамен 200 адам, докторантураға 12 адам қабылданады. Магистратура бойынша грант саны өткен жылмен салыстырғанда артқан.

Академияда биыл «ЕМБА – Іскерлік-әкімшілендіру» және «DDPA – Цифрлық мемлекеттік басқару» атты жаңа білім беру бағдарламалары енгізілді. Сонымен қатар бірқатар бағыттарда оқу мерзімі өзгеріп, кей бағдарламаларда 2 жылға дейін ұзартылды.

Талап бойынша үміткерлер мемлекеттік тілді В1 деңгейінен төмен емес деңгейде білуі тиіс. Кейбір магистратура бағдарламалары мен докторантура үшін ағылшын тілін растайтын IELTS немесе TOEFL сертификаты міндетті болып саналады. Сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер үшін жолдама, ал өзге үміткерлер үшін еңбек өтілін растайтын құжаттар талап етіледі.

Конкурстық іріктеу маусым айында үш кезеңмен өтеді: аналитикалық эссе жазу, сұхбат және докторанттар үшін зерттеу жобасын қорғау. Қорытынды нәтижелер 10 шілдеде жарияланып, оқу процесі 1 қыркүйекте басталады.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

## «TURGYNDAR AMANATY» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА КЕЗДЕСУ ӨТТІ

«Amanat» партиясының Жетісу облыстық филиалында «TURGYNDAR AMANATY» партиялық жобасы аясында кездесу өтті. Шараға мәслихат депутаттары, жергілікті атқарушы органдар өкілдері, коммуналдық қызмет мекемелері, пәтер иелері бірлестіктері (ПИБ) мен пәтерлерді пайдаланушылар кооперативтерінің (ППК) өкілдері қатысты.

Кездесу барысында тұрғын үй-коммуналдық саладағы өзекті мәселелер талқыланып, жергілікті атқарушы органдардың атқарылып жатқан жұмыстары жөнінде баяндамалар тыңдалды. Сондай-ақ Талдықорған қаласындағы ПИК қауымдастығы мен «AMANAT» облыстық филиалы арасында ынтымақтастықты күшейтуге бағытталған меморандумға қол қою мәселесі қаралды.

Жиында «TURGYNDAR AMANATY» фронт-офисін ашу бастамасы да көтерілді. Бұл орталық тұрғындардың өтініштерін жедел қарауға, құқықтық және консультативтік көмек көрсетуге бағытталады.

Кездесу соңында қатысушылар өзекті сұрақтар бойынша пікір алмасты. Әсіресе тұрғын үйді басқару, коммуналдық қызмет сапасы және тариф мәселелері кеңінен талқыланды. Фронт-офистің жұмысы басталып, тұрғындардың мәселелерін тиімді шешуге бағытталған жаңа бастама ретінде іске қосылды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

## ЖЕТІСУДА 2000-ҒА ЖУЫҚ ҚАҢҒЫБАС ЖАНУАР ҰСТАЛДЫ



Жетісу облысында 1886 қаңғыбас ит ұсталып, олардың 90 пайызы этаназияға жіберілді. 98 ит иелеріне қайтарылып, 43-і уақытша ұстау пунктінде қалдырылған. Қалғандары - агрессивті немесе қауіпті деп танылған, деп Kazinform агенттігі хабарлады.

Облыстың ветеринария басқармасының орынбасары Дархан Әбілбаевтың айтуынша, қаңғыбас жануарлардың көбісі иесіз емес – шамамен 85 пайызының иесі бар, бірақ оларды тиісті түрде ұстамайды. Жануарларды ұстау жұмыстары «Жануарларға жауапты қарау туралы» заңға сәйкес жүргізілген.

Облыста бұған дейін иесіз жануарлардың 227 шабуыл жағдайы тіркелген екен. Сонымен қатар, иттерді ұстау жұмыстары бұрынғымен салыстырғанда 20 адам жауапқа тартылып, айыппұл салынған. Ветеринарлық қызмет өкілдері тұрғындарға түсіндіру жұмыстары мен рейдтерді тұрақты түрде жүргізіп отыр.

### ҚОРШАҒАН ОРТА

## ОРМАНДЫ ӨРТТЕН САҚТАЙЫҚ

Орман – табиғаттың баға жетпес байлығы. Ол адамзатқа таза ауа, дәрілік өсімдіктер, жануарлар мекенін сыйлап экологиялық тепе-теңдікті сақтайды. Алайда соңғы жылдары орман өрттері жиілеп, табиғатқа үлкен зиян келтіруде. Сондықтан орманды өрттен қорғау – әрбір азаматтың міндеті.

Орман өрттерінің негізгі себептері, көбінесе, адам әрекетімен байланысты. Демалушылардың сөндірілмеген от қалдықтары, темекі тұқылын бей-берекет тастау, құрғақ шөпті өртеу – мұның бәрі үлкен апатқа әкелуі мүмкін. Найзағайдың түсуі сияқты табиғи себептер де кездеседі, бірақ олардың үлесі айтарлықтай аз.

Өрттің алдын алу үшін қарапайым ережелерді сақтау қажет. Орманда от жаққанда арнайы белгіленген орындарды пайдаланып, кетерде оны толық сөндіру керек. Қоқысты, әсіресе шыны қалдықтарын тастамау маңызды, себебі күн сәулесі арқылы олар өрт тұтандыруы мүмкін. Сонымен қатар құрғақ шөп пен бұталарды өз бетінше өртеуге болмайды.

Егер орманда өрт белгілерін байқасаңыз, дереу тиісті қызметтерге хабар беру қажет. Уақытылы әрекет ету арқылы үлкен апаттың алдын алуға болады. Әрбір адам табиғатқа жауапкершілікпен қарап, қауіпсіздік шараларын сақтаса, ормандарымызды аман сақтай аламыз.

Қорытындылай келе, орман – болашақ ұрпаққа аманат. Оны қорғау – біздің ортақ парызымыз. Табиғатты аялау арқылы біз өз өмірімізді де қауіпсіз ері көркем етеміз.

Данияр РАСУЛ,

Капал орман шаруашылығы КММ 13-айналым орман күтушісі

## ПРЕЗИДЕНТ ПРИНЯЛ ГЕНЕРАЛЬНОГО СЕКРЕТАРЯ ОДКБ ТААЛАТБЕКА МАСАДЫКОВА

Таалатбек Масадыхов проинформировал Главу государства о планах работы в должности Генерального секретаря ОДКБ. В ходе встречи был обсужден широкий круг вопросов по ключевым направлениям деятельности данной Организации, включая текущую работу постоянно действующих рабочих органов.

Касым-Жомарт Токаев высказал ряд предложений по дальнейшему развитию Организации и отметил готовность казахстанской стороны к укреплению сотрудничества в формате ОДКБ.



## ПРОФИЛАКТИКА ПРАВОНАРУШЕНИЙ (МВК) В ЖЕТИСУ

Состоялось очередное заседание Межведомственной комиссии по профилактике правонарушений (МВК) в Жетису. На повестке дня рассмотрены три важных вопроса.

Обсуждены вопросы профилактики мошенничества с помощью цифровых технологий и социальных сетей, профилактики убийств, в том числе преступлений, совершаемых в состоянии алкогольного опьянения, а также обеспечения безопасности дорожного движения и предупреждения дорожно-транспортных происшествий. Председатель комиссии дал конкретные поручения по повышению эффективности профилактической работы, широкому внедрению цифровых решений, усилению обратной связи с населением и укреплению межведомственного взаимодействия. По итогам заседания отмечено, что на все ответственные органы возложены конкретные задачи, исполнение которых будет взято на постоянный контроль.



Источник: Акимат области Жетису

## ВЫПЛАТИТЬ КОМПЕНСАЦИЮ БОКАЕВУ И АЯНУ

Комитет по правам человека ООН признал, что Казахстан нарушил права активистов Макса Бокаева и Талгата Аяна после земельных митингов 2016 года, сообщает Exclusive.kz со ссылкой на «Радио Азаттык».

В решении указано, что были нарушены право на свободу выражения мнения и мирные собрания, а также зафиксированы факты незаконного задержания. Отдельно комитет отметил нарушение, связанное с этапированием Бокаева на значительное расстояние от места проживания. Государству также предписано в течение 180 дней отчитаться о принятых мерах и опубликовать решение. Жалоба по делу была подана в 2018 году, окончательное решение принято в марте 2026 года. Рассмотрение заняло более семи лет. Напомним, Бокаев и Аян были осуждены в 2016 году после протестов в Атырау. Макс Бокаев освобожден в 2021 году, отбыв назначенный срок.



## ОПАСНЫЕ ДЛЯ ЗДОРОВЬЯ КИТАЙСКИЕ СНЕКИ

Китайские закуски, которые продаются почти в каждом казахстанском магазине и приобрели большую популярность, могут представлять опасность для здоровья, сообщает Ulysmidia.kz.

Профессор Лаура Аутелеева провела исследование и обнаружила, что в китайских снеках содержатся вредные добавки. Кроме того, на некоторых продуктах отсутствует маркировка, что говорит о нарушении требований к их распространению. Во всех исследованных образцах выявили усилители вкуса (E621, E635), подсластители (E952, E955) и синтетические красители (E102, E110 и другие). Эти добавки в Казахстане не запрещены, но могут вызывать аллергию, негативно влиять на микрофлору и желудочно-кишечный тракт, а подсластитель E952 (цикламат), который запрещен в США, а в европейских странах разрешен только со строгими ограничениями в дозировке, имеет канцерогенные свойства. Смертельно для рыб. Ранее стало известно, что в партии казахстанских томатов обнаружили опасный вирус.



## НАЛУК BANK ЗАКРЫВАЕТ «НЕАКТИВНЫЕ» СЧЕТА КАЗАХСТАНЦЕВ

Налук Банк приступил к масштабной «чистке» неактивных банковских счетов. Под ликвидацию попали свыше 1500 текущих счетов физических лиц, по которым более года не проходило никаких операций и баланс которых оставался на нуле. Об этом проинформировало издание finratings.kz.

Главная цель — актуализация клиентской базы и снижение нагрузки на учетные системы. Ограничение касается исключительно текущих счетов с нулевым остатком в течение последних 12 месяцев. «Спящие» счета требуют ресурсов для поддержания безопасности и отчетности, не принося пользы ни клиенту, ни банку. Закрывание счетов не ограничивает право на дальнейшее обслуживание в Налук Банк. Однако для возобновления операций потребуются открыть новый счет с новыми реквизитами.



## КОРОТКО ОБО ВСЕМ

ИРАН «ВЫСТАВИЛ СЧЁТ» НА \$270 МЛРД. ЗА УДАРЫ США И ИЗРАИЛЯ

Власти Ирана предварительно оценили ущерб от бомбардировок со стороны США и Израиль в 270 миллиардов долларов. Об этом в интервью РИА Новости заявила официальный представитель правительства Фатеме Мохаджерани, сообщает Exclusive.kz. По её словам, речь идёт о первичной оценке, которая будет уточняться. В дальнейшем планируется провести поэтапный анализ, включающий подсчёт ущерба инфраструктуре, а также потерь бюджета и промышленности. Власти Ирана также рассматривают вопрос возможных репараций. Эта тема, по словам представителя правительства, обсуждается в рамках переговоров с американской стороной. Последний раунд консультаций прошёл в Исламабаде, однако стороны не смогли достичь согласия по ряду ключевых вопросов, включая санкции, ситуацию вокруг Ормузского пролива и условия завершения конфликта.

УСИЛЕН КОНТРОЛЬ ЗА КАЧЕСТВОМ СТРОИТЕЛЬСТВА

В программы «Үеде» на телеканале Jibek Joly министр промышленности и строительства Ерсайын Нагаспаев ответил на ключевые вопросы о результатах работы за год, передает корреспондент агентства Kazinform.

В связи с требованиями нового «Строительного кодекса», в данное время усилен контроль за качеством строительства, пересмотрены подходы к регулированию отрасли и заложена основа для повышения доступности жилья. В строительных компаниях страны существует немало проблем, что вызвало недоверие общества. Это — хаотичная застройка, когда планы менялись в интересах отдельных застройщиков. Затем — качество строительства. Третья проблема — это наличие, так называемых, «бумажных» компаний. В отрасли насчитывается около 80 тысяч лицензий, часть из которых не подтверждена реальной деятельностью. Новый Строительный кодекс направлен, прежде всего на защиту интересов граждан и повышение прозрачности отрасли.

К 2035 ГОДУ БУДУТ НУЖНЫ 3 МЛН. РАБОТНИКОВ

Через 10 лет Казахстану понадобится около 3 млн. специалистов. Значительная доля приходится на квалифицированные кадры. Такой прогноз озвучили в Министерстве труда и социальной защиты населения, передает ИА «NewTimes.kz» со ссылкой на издание LS. Представителей рабочих профессий понадобится 813 тыс. (+48%). Основной спрос придется на сферы: образования — 447,7 тыс. человек (15%); здравоохранения — 240,4 тыс. человек (8%); обрабатывающей промышленности — 231,4 тыс. человек (15,4%); сельского хозяйства — 222,1 тыс. человек (7,5%); строительства — 216,8 тыс. человек (7,2%) и оптовой и розничной торговли — 251,3 тыс. человек (8,4%).

При этом больше всего в специалистах к 2035 году будут нуждаться Алматы — 464 тыс. человек, Астана — 263,4 тыс. человек, Карагандинская область — 191,6 тыс. человек. Далее следуют Алматинская — 172 тыс. человек, Туркестанская область — 173,6 тыс. человек, Шымкент — 141,8 тыс. человек. Вместе с тем в Минтруда прогнозируют уровень безработицы в 4,7% в 2026-2028 годах. Ранее сообщалось, что учителя в Казахстане массово уходят из профессии из-за новой государственной системы.

ЭЛЕКТРОННАЯ БИРЖА ТРУДА ЗАКРЫВАЕТ МЕНЕЕ ОДНОЙ ИЗ ПЯТИ ВАКАНСИЙ

За первый квартал 2026 года на портале Eпbek.kz было опубликовано более 260 тысяч вакансий. Из них по факту трудоустройства закрыто чуть более 46 тысяч или 17,6%. Оставшиеся 82% вакансий либо ушли в архив по истечении 30-дневного срока активности, либо были закрыты работодателями по другим причинам. Eпbek.kz позиционируется как единая цифровая платформа занятости, интегрированная с базой карьерных центров и обязательная для подачи вакансий рядом категорий работодателей. Конверсия 17,6% означает, что для большинства размещений портал выполняет функцию реестра, а не функционирующего рынка труда. (BAQ.kz)

МОЛОДЫЕ МАМЫ В КАЗАХСТАНЕ ПЕРЕСТАЛИ ПОЛУЧАТЬ ПОСОБИЯ

В Казахстане приостановлены выплаты пособий по уходу за ребенком. Государственный фонд социального страхования прекратил перечисление средств, не определив конкретных сроков их возобновления, сообщают СМИ Казахстана, передает Восточный экспресс.

Тысячи казахстанских матерей, находящихся в отпуске по уходу за ребенком, столкнулись с отсутствием привычных ежемесячных выплат. Массовые жалобы, начавшиеся 10 апреля и продолжившиеся в выходные и понедельник, 13 апреля, заполнили социальные сети, охватив такие города, как Астана, Алматы и Актау. Ситуация усугубляется недоступностью горячей линии Государственного центра по выплатам пенсий (ГЦВП).

Причиной задержек названа несвоевременная передача трансфертов со стороны АО «Государственный фонд социального страхования» (ГФСС). Точные сроки восстановления выплат пока не называются.

БЕКТЕНОВ ПОРУЧИЛ НАВЕСТИ ПОРЯДОК НА РЫНКАХ СТРАНЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов на заседании правительства 14 апреля 2026 года поручил не допускать необоснованного роста цен на продукты питания, передает корреспондент Zakon.kz.

Премьер-министр поручил Министерству сельского хозяйства принять дополнительные меры по повышению продуктивности в животноводстве, расширению тепличного, овощного и молочного производства, углублению переработки. Министерству торговли в свою очередь поручено активизировать работу по развитию оптово-распределительной инфраструктуры и созданию современных мощностей хранения и логистики.

Министру торговли Арману Шакалиеву было дано задание заняться «организованными группами» на рынках, незаконно действующих и накручивающих Цены на овощи, фрукты, мяса и другие продукты». 10 апреля сообщалось, что в Казахстане остановился рост цен на продукты питания.

(Все материалы взяты из открытых источников)

# 2026 ЖЫЛЫ ПАСПОРТ АЛУ ҚАЛАЙ РӘСІМДЕЛЕДІ?

**ҚАЗАҚСТАН АЗАМАТТАРЫНЫҢ ШЕТЕЛГЕ ШЫҒУ МӘДЕНИЕТІ СОҒЫ ЖЫЛДАРЫ АЙТАРЛЫҚТАЙ ЖАНДАНЫП КЕЛЕДІ. ТУРИЗМ, БІЛІМ АЛУ, ЖҰМЫС САПАРЛАРЫ – БӘРІ ДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ПАСПОРТТЫҢ МАҢЫЗЫН АРТТЫРУДА. СОНДЫҚТАН БҰЛ ҚҰЖАТТЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІН БІЛУ – ӨРБИР АЗАМАТ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ШЫҒАР ДЕП ЕСЕПТЕЙМІЗ.**

## Паспорт кімдерге беріледі?

Қазақстан Республикасының кез келген азаматы, жасына қарамастан, шетелге шығу үшін паспорт алуға өтініш бере алады. Тіпті жаңа туған сәбилерге де жеке паспорт рәсімделеді. Бұл халықаралық талаптарға сай қалыптасқан тәжірибе.

Айта кету керек, Қазақстан азаматтары Қырғызстан, Ресей және Армения елдеріне бару үшін міндетті түрде паспорт алуға тиіс емес. Бұл бағыттарда саяхаттайтын болсаңыз, жеке куәлік жеткілікті. Ал көршілер Өзбекстанға жеке куәлік арқылы кіруге мүмкіндік алда болады деген сияқты жаңалықтар бар. Ол жағы әлі талқылануда екен. Бірақ қазіргі уақытта шекарадан өту үшін паспорт болу міндетті. Одан өзге мемлекеттерге де сапар шегу үшін паспорт негізгі құжат болып есептеледі.

## Қайда және қалай рәсімделеді?

Қазіргі таңда паспорт рәсімдеудің екі негізгі жолы бар:

- Халыққа қызмет көрсету орталықтары (ЦОН) арқылы;
- Электрондық үкімет порталы (eGov) арқылы онлайн



өтініш беру. Тәжірибе көрсеткендей, көпшілік әлі де ЦОН қызметін таңдайды екен. Себебі құжаттарды сол жерде тексеріп, фотоға түсіп, барлық рәсімді бір жерде аяқтау азаматтарға ыңғайлы. Онлайн өтініш берген жағдайда да, көбіне биометриялық деректерді тапсыру үшін орталыққа баруға тура келеді.

## Қажетті құжаттар тізімі

Ересектер үшін негізгі құжаттар:

- Жеке куәлік;
- Өтініш (сол жерде толтырылады);
- Мемлекеттік баж төленгені туралы түбіртек;
- Бұрынғы паспорт (бар болса);
- Аты-жөні өзгергенін растайтын құжаттар (қажет

жағдайда). Ал 16 жасқа дейінгі балалар үшін:

- Туу туралы куәлік;
- Ата-анасының жеке куәлігі;
- Заңды өкілдігін

растайтын құжат;

- Мемлекеттік баж түбіртегі.

Маңызды жайт – бала міндетті түрде өзі келуі керек. Себебі фото сол жерде түсіріледі.

Кей жағдайларда, мысалы, ата-анасының бірі шетел азаматы болса немесе бала Қазақстаннан тыс жерде дүниеге келген болса қосымша нотариалды келісім талап етіледі.

## 2026 жылғы паспорт құны

2026 жылы айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 4 325 теңгені құрайды. Соған сәйкес паспорттың мемлекеттік бажы да белгіленген:

- 24 бет (балаларға) – 17 300 теңге;
- 36 бет (стандартты) – 34 600 теңге;
- 48 бет (кеңейтілген) – 51 900 теңге.

Балаларға тек 24 беттік паспорт берілетінін ескерген жөн.

## Жедел рәсімдеу мүмкіндігі

Уақыт тығыз болған жағдайда, жедел қызметті пайдалануға болады. Бұл қызмет қосымша ақы төлеуді талап етеді, бірақ құжатты алу мерзімін едәуір қысқартады:

- Ірі қалаларда – 1 жұмыс күні ішінде;
  - Өңірлерде – 3–7 күн аралығында.
- Ал стандартты рәсімдеу мерзімі шамамен 15 жұмыс күнін құрайды.

## Паспортты алу тәртібі

Құжат дайын болғасын өтініш берген ХҚКО-нан беріледі. Мұнда маңызды талаптар бар:

- Паспорт тек иесінің өзіне тапсырылады;
- Сенімхат арқылы алу мүмкін емес;
- Баланың паспорты ата-анасына беріледі, бірақ баланың қатысуы қажет.

## Жарамдылық мерзімі

Паспорттың жарамдылық мерзімі жас ерекшелігіне байланысты:

- 12 жасқа дейін – 5 жыл;
- 12–16 жас аралығы – 10 жыл;
- 16 жастан бастап – 10 жыл.

Балаларға қысқа мерзім берілуінің себебі – олардың сырт келбетінің тез өзгеруіне бацланысты екен.

## Көпшілік біле бермейтін

## кеңестер

Тәжірибелі саяхатшылар бірнеше маңызды кеңесті ұсынады:

- Егер жиі шетелге шығатын болсаңыз, бірден 48 беттік паспорт алған тиімді. Бұл визалар мен шекара мөрлеріне жеткілікті орын береді;
- Паспорт мерзімі аяқталуына кемінде 6 ай қалғанда жаңартқан дұрыс. Себебі көптеген елдер дәл осындай талап қояды;
- Кей мемлекеттерге кіру үшін паспортта кемінде 2 бос бет болуы міндетті;
- Паспорт жоғалған жағдайда да мемлекеттік баж өзгермейді, әрі қайта жоғалтқаны үшін айыппұл қарастырылмаған.

Қорытындылай келе, Қазақстанда шетел паспортына өтініш беру жүйесі соңғы жылдары едәуір жеңілдетіліп, цифрлық форматқа көшірілді. Дегенмен құжаттарды алдын ала дайындап, талаптарды мұқият орындау – уақытты үнемдеудің ең тиімді жолы болып қала береді.

Сапарды жоспарламас бұрын, ең алдымен паспортыңыздың жарамдылық мерзімін тексеруді ұмытпаңыз, оқырман. Бұл қарапайым қадам сіздің шетелдегі сапарыңыздың сәтті әрі кедергісіз өтуіне кепіл бола алады.

**Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ,**  
**Ғаламтор желісіндегі ақпараттар негізінде жазылды (baq.kz, egov.kz)**

Қазақстанда жүргізуші куәлігін алу рәсімін жетілдіруге бағытталған жаңа шаралар қабылданды. Тиісті мәселелер Жаслан Мәдиев төрағалығымен өткен кеңесте қаралды. Өзгерістердің негізгі мақсаты – емтихан тапсыру процесін ашық әрі әділ ету, сондай-ақ азаматтар үшін қолайлылықты арттыру.

# ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУ ТӘРТІБІ ӨЗГЕРЕДІ



Жаңа тәртіпке сәйкес, азаматтар жүргізуші куәлігін алу үшін емтиханды шектеусіз тапсыра алады. Алайда әр тапсыру арасы кемінде 10 күн болуы тиіс және емтихан ақылы негізде өткізіледі. Бұрын үш рет тегін мүмкіндік беріліп, одан кейін қайта оқу талап етілетін.

Сонымен қатар, теориялық емтихан жүйесіне академиялық адалдықты қамтамасыз ететін технологиялар енгізіледі. Бұл бағыттағы пилоттық жоба Ұлттық тестілеу орталығы базасында іске асырылады. Орталық тарапынан тест тапсырмаларына психометриялық талдау жүргізу жоспарланған.

Емтихан процесінде заманауи технологияларды қолдану да қарастырылған. Теориялық кезеңде толықтырылған шынайылық элементтері пайдаланылса, практикалық емтиханда компьютерлік көру жүйесі енгізіледі. Бұл заң бұзушылықтарды нақты анықтауға мүмкіндік береді.

Бұдан бөлек, цифрлық жүйелердің қауіпсіздігін күшейту, сондай-ақ емтихан кезінде заң бұзғандарға жауапкершілікті арттыру көзделген. Тыйым салынған құрылғыларды (олардың қатарына микроқұлақпақтарды, микрокамераларды, сондай-ақ байланыс сигналдарын қабылдайтын және тарататын құралдарды пайдалану жатады) қолданған азаматтарға шектеу шаралары енгізіледі. Мысалы, теориялық емтихан тапсыру құқығынан 1 жылға айыру мүмкіндігі енгізіледі.

Автомектептердің қызметіне қойылатын талаптар да күшейтіледі. Оқу сапасы мен кері байланыс негізінде олардың жұмысы бағаланып, алдағы уақытта лицензиялау тетігі енгізілмек.

Жалпы, қабылданған шаралар жүргізуші куәлігін алу рәсімін жеңілдетуге және оның ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған.

**Ақпарат ҚР Премьер-министрінің ресми ақпараттық ресурсы сайтынан алынды**

# САЛЫҚ ТӨЛЕУДЕ ҚИЫНДЫҚТАР ТУЫНДАДЫ МА?



**2026 жылы төлем мерзімін ұзарту немесе бөліп төлеу жолдарын біліп алыңыз!**

ҚР жаңа Салық кодексі бизнес пен азаматтарға шоттарды бұғаттамай-ақ уақытша қаржылық қиындықтарды еңсеруге көмектесетін тетіктерді қарастырады. Олардың қалай жұмыс істейтінін талдап көрейік.

Айырмашылығы неде? Төлем мерзімін ұзарту (Отсрочка) — бұл бүкіл соманы төлеу мерзімін кешірек мерзімге ауыстыру (6 айға дейін). Бөліп төлеу (Рассрочка) — бұл берешекті тең үлестермен төленетін бөліктерге бөлу (36 айға дейін).

Қандай жағдайда бұған сенім артуға болады? Мерзімдерді өзгерту негіздері заңда нақты жазылған: Форс-мажор: табиғи апаттардан, ТЖ немесе әскери іс-қимылдардан келген залал. Маусымдық сипат: егер сіздің табысыңыз жыл мезгіліне байланысты болса. Қосымша есептілік: егер сіз салықтарды өзіңіз қосымша есептесеңіз. Тексерулер: егер сіз тексеру нәтижелері бойынша есептелген сомалармен келіссеңіз (5 жылдан астам тіркелген жағдайда). Жеке тұлғаның ауыр жағдайы: егер адам (дара кәсіпкер емес) салықты бірден төлей алмаса.

Маңызды шарттар мен шектеулер: Нені кейінге қалдыруға болмайды: төлем көзінен ұсталатын салықтар (мысалы, жұмысшылар үшін табыс салығы), ЕАЭО елдерінен импорттау кезіндегі ҚҚС пен акциздер, сондай-ақ Ұлттық қорға төленетін төлемдер. Өсімпұл: мерзімді өзгерту өсімпұл есептеуден босатпайды, тек ерекше жағдайларды (мысалы, өз өнімін өндірушілер үшін) қоспағанда. Кепілдіктер: бөліп төлеуді алу үшін (көлденең мониторингке қатысушылардан басқа) мүлік кепілі немесе банктік кепілдік қажет. Нені кепілге қоюға болмайды? Салық органы кепіл ретінде мыналарды қабылдамайды: Жеке тұлғаның немесе ДК-нің жалғыз тұрғын үйі. Тіршілікті қамтамасыз ету объектілері (электр энергиясы, жылу). Тез бұзылатын тауарлар мен тамақ өнімдері. Тыйым салынған немесе үшінші тұлғалардың ауыртпалығы бар мүлік. Есіңізде болсын: егер сіз төлем кестесін 5 жұмыс күнінен артық бұзсаңыз, мерзімді ұзарту туралы шешім мерзімінен бұрын жойылады және салық органы мәжбүрлеп өндіруді бастайды. Салықтарыңызды алдын ала жоспарлаңыз және заңды қолдау құралдарын пайдаланыңыз!

**Дереккөз: Жетісу облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті**

# АУТИЗМДІ ЖЕҢУГЕ БОЛА МА?

Гүлнұр БАЙМҰХАН  
«Алатау»

**ҚАЗАҚСТАНДА АУТИЗМ ДИАГНОЗЫ ҚОЙЫЛҒАН БАЛАЛАР САНЫ ЖЫЛ САЙЫН АРТЫП КЕЛЕДІ. БҰЛ - ТЕК МЕДИЦИНАЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЕМЕС, ҚОҒАМНЫҢ НАЗАРЫН ҚАЖЕТ ЕТЕТІН МАҢЫЗДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ТАҚЫРЫПҚА АЙНАЛҒАЛЫ БІРНЕШЕ ЖЫЛ БОЛДЫ. КӨПТІҢ НАЗАРЫН АУДАРТЫП, ЖҮКТІ АНАЛАРДЫҢ ДА УАЙЫМЫН КӨБЕЙТКЕН ДЕРТ «НЕЛІКТЕН ҚОҒАМДА КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ?» ДЕГЕН ОҚЫРМАН СҰРАҒЫНА ЖАУ-АП ІЗДЕДІК.**

байланысы кеш дамитын балалар үшін бүгінде әр өңірлерде жұмыс істеп жатқан орталықтар бар. Балаңыздың болашағын ойласаңыз ерте әрекет етуге асыққан жөн!

Талдықорған қаласындағы «Ашық әлем» түзету орталығы



аталған мәселемен білікті түрде айналысып жүрген мекемелердің бірі. Біз орталықтың негізін қалаушы Айгерім Бейсеевадан ерекше балалармен жұмыс тәжірибесі туралы сұрап, сұхбаттасуды ұйғардық.

– Мен «Ашық әлем» түзету орталығының негізін қалаушымын. Бірақ, ең алдымен, мен – ерекше баланың

анасымын. Бұл салаға келуім де сол себептен басталды. Балам 2015 жылы мамыр айында дүниеге келген. Оның диагнозын алғаш 3 айлық кезінде «Балалардың церебралдық сал ауруы» деп қойды. Соны естіген сәттен бастап өмірім түбегейлі өзгерді. Мемлекеттік жұмысымнан шықтым. Балама массаж жасауға келетін маман 9 айлық кезінде «Балаңыз да қосымша аутизмнің белгілері бар»

дегенді айтты. Сол кезге дейін мен тек баламның аяққа тұрып кетуі үшін ізденіп жүргендіктен, аутизм белгілерін байқамаған екенмін. Көп ізденіс пен түрлі ем іздеп, әр елдегі мамандарға жүгініп, талай жолдан өткен соң 3 жасында балам жүре бастады. Жақында ол 11 жасқа келеді.

Уақыт өте келе тек өз балама ғана емес, осындай жағдайдағы басқа балаларға да көмектескім келді. 2020 жылы өмірімдегі үлкен шешімді қабылдап, 3 бөлмелі пәтерімді сатып, өз қаламда түзету орталығын аштым. Бұл мен үшін бизнес көзі емес, жүректен туған, өмірлік миссияма айналған іс болды. Қазір біздің басты мақсатымыз – әр баланың мүмкіндігін ашып, оны қоғамға бейімдеу. Орталықтың жұмыс істеп

тұрғанына биыл 5 жыл болды.

– Бүгінде аутизм диагнозы бар балалар саны артып жатыр деген пікір бар. Сіз бұл пікірмен келісесіз бе? Ерте диагностика мен ерте түзетудің маңызы қандай?

– Иә, соңғы жылдары мұндай балалар саны көбейіп жатқандай көрінеді. Бірақ бұл тек аурудың көбеюімен ғана байланысты емес. Қазір ата-аналар ақпаратты көбірек біледі, диагностика да жақсарды. Соның арқасында бұрын анықталмай келген жағдайлар ерте байқалып жатыр.

Дегенмен, бұл дерттің пайда болуында кейбір факторлар ананың денсаулығымен байланысты болып та жатады екен. Мысалы, анемия, гормондық бұзылыстар, иммунитеттің әлсіздігі баланың дамуына әсер етуі мүмкін.

Мұнда бала үшін ең бастысы - ерте диагностика деп айтар едім. Егер балаға уақытында көмек көрсетілсе, оның дамуы әлдеқайда жақсы болады. Ерте басталған түзету жұмыстары баланың сөйлеуін, түсінуін, қоршаған ортамен байланысын жақсартады.

– Балалармен жұмыс барысында қандай әдістерді жиі қолданасыздар? Бір баланың даму бағдарламасы қалай құрылады?

– Әр бала – жеке тұлға. Сондықтан біз әрқайсысына жеке бағдарлама құрамыз. Алдымен толық диагностика жүргіземіз. Баланың деңгейін, ерекшелігін анықтап алған соң ғана жұмыс жоспарын



жасаймыз. Жұмыс барысында бірнеше әдісті қатар қолданамыз. Логопедиялық жаттығулар арқылы сөйлеу қабілетін дамытамыз. Нейропсихологиялық тәсілдер баланың ми қызметін белсендіруге көмектеседі. Сенсорлық интеграция арқылы сыртқы ортаға бейімделуін жақсартамыз. Сонымен қатар, ойын арқылы дамыту әдістері де кеңінен қолданылады.

Біздің мақсатымыз – баланы мәжбүрлі түрде жұмыс жасату емес, оның қызығушылығын



ояту арқылы дамыту.

– Бүгінде орталықта қанша баламен жұмыс жасайсыздар? Қандай мамандар бар?

– Қазіргі таңда орталығымызда үш жастан он сегіз жасқа дейінгі елуге жуық бала тәрбиеленіп жатыр. Әр балаға кешенді түрде көмек көрсету үшін бірнеше маман бірге жұмыс істейді.

Біздің командада логопед, дефектолог, психолог, сенсорлық интеграция және емдік дене шынықтыру мамандары бар. Жалпы алғанда, шамамен он беске жуық маман еңбек етеді.

Орталық екі ауысымда жұмыс істейді. Таңғы және түскі топтар бар. Бұл балаларды көбірек қамтуға мүмкіндік береді және әрқайсысына жеткілікті уақыт бөлуге жағдай жасайды.

– Балада аутизм белгілері барын қалай байқауға болады? Ата-аналарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Ата-аналар баланың мінез-құлқына мұқият болуы керек. Егер бала көзге тік қарамаса,

бейімдеп жатқан тәжірибелер бар. Сондықтан «емделмейді» деп қол қусырып отыруға болмайды. Жүйелі жұмыс болса, нәтиже міндетті түрде болады.

– Орталыққа мемлекет тарапынан қолдау көрсетіле ме? Баланың даму нәтижесін көру үшін қанша уақыт қажет?

– Белгілі бір деңгейде қолдау бар. Мысалы, мансап орталығы жас мамандарды (логопед, дефектолог, психолог) жастар практикасы арқылы бізге жібереді, олар тәжірибе жинақтайды. Бұл біз үшін де, олар үшін де тиімді.

Ал нәтиже әр балада әртүрлі болады. Кейбір балаларда алғашқы өзгерістер бірнеше ай ішінде байқалады. Бірақ толыққанды нәтиже үшін тұрақты, жүйелі жұмыс қажет.

Біздің орталықта түзету жұмыстарынан кейін бала-бақшаға, мектепке барып жатқан балалар саны көп. Бұл-біздің ең үлкен жетістігіміз деп қарастырамын.

– Орталықтың мақсаты айтарлықтай позитивті екен. Көмектеріңіз ақылы ма?

– Ия, орталықтың қызмет көрсетуі ақылы түрде жүргізіледі. Ол туралы нақты ақпаратты +7 747 262 5334 телефон номерімен байланысып, сұрай аласыздар.

– Айгерім ханым уақытыңызды бөлгеніңізге рахмет. Еңбектеріңіз ақталып, орталық балалары тек оң нәтиже көрсете берсін.

Тілші түйіні: Аутизм мәселесі тек медицина саласының ғана емес, бүкіл қоғамның назарын қажет етеді. Ерекше балаларға уақытында көмек көрсету – олардың болашағына салынған инвестиция.

«Ашық әлем» түзету орталығының тәжірибесі көрсеткендей, әр балаға мүмкіндік берілсе, оның дамуына жол ашылады. Ең бастысы – үміт үзбей, уақытты жоғалтпай жүйелі жұмыс жүргізу. Сонымен қатар, ерекше балаларды жеке топ ретінде оқшаулатуға да болмайды дер едім. Егер оларға қарапайым көзбен, шеттетусіз қарасақ, көп сөйлессек қоғаммен біте қайнасып, дертінен айығатын шығар.



Аутизмді көре сала байқауға болады. Олар сөйлеу, қарым-қатынас жасау, қоршаған ортаны қабылдау жағынан өзгешеленіп тұрады. Ондай балаларға дер кезінде қолдау көрсету – олардың болашағына тікелей әсер етеді деп жатады білікті дәрігерлер. Дегенмен, біздің кей ата-ана баласының тілі уақытында шықпай жатса, оны қалыпты санап қолына телефондағы бірнеше тілді үйрететін мультфильмдерді қосып береді. Ал мәселені терек жағынан ойлауға асықпайды. Айналамызда таныстар арасында мұндай жағдайды көріп жүрміз. Бала сабаққа баратын жасында ғана логопедтің көмегіне жүгінуде. Мұндай қимыл-қозғалысы, сөйлеуі, қоршаған ортамен

**Дүйсенбі - Понедельник, 20 сәуір****ХАБАР**

05.00,  
01.00Т/х«Фатмагүл»  
07.00, 09.00 «Әлеумет»  
09.30 «К қарас»  
10.00, 23.00Т/х«Эшрефтің арманы»  
12.00 Cover show  
14.00 М/с «Барбоскины»  
15.00 Х/ф«Работоторговля»  
17.00 Т/с «Мечта Эшрефа»  
19.00 Новости  
19.30 Х/ф«Нам всем конец»  
21.00 Сборник «Cover show»  
21.30 Жаңалықтар  
22.00 «КешREC

15.20 «Шашу»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 «DARA LINE»  
17.00 «Жетісу жақұты»  
17.30 «Әсем әуен»  
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Фибрат»  
20.00 «Әсем әуен»  
20.10 Д/ф «АІ әлем»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Жаһан жолы»  
21.20 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Күн болам»  
22.40 «Әсем әуен»

**31 КАНАЛ**

06.00. 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық  
06.30.05.20 «Ризамын» ойын-сауық  
07.00 «Күліп All» ойын-сауық  
07.30 «Татті шоу» ойын-сауық  
08.00.02.00 «31 езіп» ойын-сауық  
09.00 М/с «Аватар: Легенда об Аанге»  
09.30 М/с «Губка Боб»  
10.20 М/с «Пингины Мадагаскара»  
11.10 М/с «Кунг-фу Панда»  
12.00 Х/ф«Брат или брак-2»  
14.10 «Путешествия Гулливера»  
16.00 Х/ф«Кредо убийцы»  
18.00  
Х/ф«Максимальный риск»  
20.00 Информбюро (рус., каз)  
21.00 Х/ф«на высоте страха»  
23.00 «Streetxaha»  
23.40 «Оралу» драмасы  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.00 «Tik Tok show» ойын-сауық  
03.20 05.00 «What's up?» ойын-сауық  
04.20 1001 Өзіл» ойын-сауық  
04.30 Телевикторина

**7 КАНАЛ**

06.02Т/х«Тойхана»  
07.00, 22.00Т/х«Үзілген жапырақтар»  
09.00 «Айхай 251»  
Концерттік бағдарлама  
11.00, 20.00 Т/с «Ветренный»  
13.00 Жаңалықтар  
13.15 Новости  
13.30Т/х«Әмірші әйел»  
14.50 «Үздік әзілдер». Өзіл-сықақ бағдарлама  
16.00 «Жарқыраған жұлдыз». Бағдарлама  
17.00, 18.30 ТелеТ/с  
18.00 Жаңалықтар  
19.30 Новости  
23.40 Өзілің жарасса  
00.40, 05.00 Жаңалықтар  
01.10.05.25 Новости  
01.40 Т/с «КАРАДАЙЫ»

**ЖЕТИСУ**

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.05 «Ұлт ұяты»  
10.00 «Угәгәй melody»  
11.00 «Бір шеугім шай»  
11.40 Д/ф «АІ әлем»  
12.05 «Әсем әуен»  
13.05 «Единый народ»  
13.35 «Әсем әуен»  
14.00 «Өзекжарды»

Утеранный ИБР Грузия (Универсала) № 402662 выданный ТОО «AGYM TEADE» БИН 240440040755 считать недействительным.

**Сейсенбі - Вторник, 21 сәуір****ХАБАР**

05.00,  
01.00Т/х«Фатмагүл»  
07.00 «Оян»  
09.00 «Народный контроль»  
09.30 Мировые новости  
09.45 Әлем жаңалықтары  
10.00,  
23.00Т/х«Эшрефтің арманы»  
12.00Т/х«Келінжан»  
13.00 «Ойна»  
14.00 М/с «Барбоскины»  
15.00 Х/ф«Нам всем конец»  
16.30. 21.10 сборник «Cover show»  
17.00 Т/с «Мечта эшрефа»  
19.00 Новости  
19.30 Х/ф«Солдаты неудачи»  
21.30 Жаңалықтар  
22.00 Кешгес

**ЕВРАЗИЯ**

06.00 «Паутина»  
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»  
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»  
10.00 «Жить здорово!»  
10.50 «Модный приговор»  
11.50 «Давай поженимся»  
12.50 Т/с Т/с  
14.00«Жаңалықтар»  
14.15 «Новости»  
14.30 Qoslike  
18.30. 03.00 «Басты жаңалықтар»  
19.00.03.30 «Koremiz-шоу»

**КТК**

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)  
07.25 «Әнім сен едің» ойын  
08.10 «Джелаладдин»  
09.30 Вечерние новости  
10.10 Т/с «Тверская. Любый ценой»  
12.10 Т/с «Клан ювелиров»  
14.10 Т/с «Кольцо с рубином»  
16.40 Т/с «Дворняжка ляля»  
18.30 Т/с «Однажды в чукурова»  
20.35 Кешкі жаңалықтар  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Т/с «Клан ювелиров»  
23.40 Т/с «Тверская. Любый ценой»  
01.30 Т/с «Дворняжка ляля»  
03.00 «Джелаладдин»  
04.00 Кешкі жаңалықтар  
04.20 «Ктк қоржыны»  
05.20 «Әнім сен едің», ойын-сауық (қайталау)

**ЖЕТИСУ**

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.25 К/ф «Көрінбейтін көмекші»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.45 Д/ф «Тәртіп»  
12.00 «Аман болайық» / тікелей эфир/

12.40 «Әсем әуен»  
13.05 «19 аймақ»  
13.40 «Әсем әуен»  
14.30 «Фибрат»  
15.00 Жаңалықтар / тікелей эфир  
15.20 «Әсем әуен»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Күн болам»  
17.00 «Дала сыры»  
17.20 «Әсем әуен»  
18.00 «19 регион» / тікелей эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...»  
19.45 «Әсем әуен»  
20.15 Д/ф «Тәртіп»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Жолбарыс»  
21.20 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Менің ағам -агент»  
22.40 «Әсем әуен»  
23.15 «Әу» де»

**31 КАНАЛ**

06.00.04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық  
06.30, 05.20 «Ризамын» ойын-сауық  
07.00.20.00 Информбюро (рус., каз.)  
08.00.02.10 «31 езіл» ойын-сауық  
08.15 «Streetxaha» телехикаясы.  
09.00 М/с «Аватар: Легенда об Аанге»  
09.50 М/с «Губка Боб»  
11.00 М/с «Пингины Мадагаскара»  
11.50 М/с «Кунг-фу Панда»  
12.40 Х/ф«На высоте страха»  
14.40 Х/ф«Бегающий в лабиринте: лекарство от смерти»  
17.30 Х/ф«Младенец на 30 млн. долларов»  
21.00 Х/ф«Заложница»  
22.50 «Streetxaha» телехикаясы.  
23.40 Драма  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.00 «TikTok show» ойын-сауық  
03.20, 05.00 «What's up?» ойын  
04.20 «1001 Өзіл» ойын-сауық  
04.30 Телевикторина «BALA BATTLE»

**7 КАНАЛ**

06.02Т/х«Тойхана»  
07.00Т/х«Үзілген жапырақтар»  
09.00 Концерттік бағдарлама  
11.00, 20.00 Т/с «Ветренный»  
13.00 Жаңалықтар  
13.15 Новости  
13.30Т/х«Әмірші әйел»  
14.50 «Үздік әзілдер». Өзіл-сықақ бағдарлама  
17.00, 18.30 ТелеТ/с  
18.00 жаңалықтар  
19.30 новости  
22.00Т/х«Үзілген жапырақтар».  
23.40 Өзілің жарасса  
00.40, 05.00 Жаңалықтар  
01.10.05.25 Новости  
01.40 Т/с «карадайы. бесценная правда»  
04.10 Гүл-гүл

**Сәрсенбі - Среда, 22 сәуір****ХАБАР**

05.00,  
01.00Т/х«Фатмагүл»  
09.00 «Біздің назарда»  
09.30 Мировые новости  
09.45 Әлем жаңалықтары  
10.00,  
23.00Т/х«Эшрефтің Арманы»  
12.00Т/х«Келінжан»  
13.00 «Ойна»  
14.00 М/с «Барбоскины»  
15.00 Х/ф«солдаты неудачи»  
16.40 Сборник «Cover show»  
17.00 Т/с «Мечта Эшрефа»  
19.00 Новости  
19.30 Х/ф«Сидни Уаит»  
21.30 Жаңалықтар  
22.00 «КешREC

**ЕВРАЗИЯ**

06.00 «Паутина»  
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан»  
08.30 «Доброе утро, Казахстан»  
10.00 «жить здорово!»  
10.50 «модный приговор»  
11.50 «давай поженимся!»  
12.50 Т/с  
14.00 «жаңалықтар»  
18.30, 03.00 «басты жаңалықтар»  
14.15 «новости»  
14.30 qoslike лықтар»  
19.00. 03.30 «koremiz-шоу»  
20.00.00.40 «главные новости»  
01.05 Т/с «охота»  
20.30 Т/с  
04.15 «Паутина»

**КТК**

07.05 кешкі жаңалықтар (қайталау)  
07.25 «Әнім сен едің» ойын-сауық  
08.10 «Джелаладдин»  
09.30 Вечерние новости  
10.10 Т/с «Тверская. любой ценой»  
12.10 Т/с «клан ювелиров»  
14.10 Т/с «кольцо с рубином»  
16.40 Т/с «дворняжка»  
18.30 Т/с «однажды в чукурова»  
20.35 жаңалықтар  
21.00 вечерние новости  
21.40 Т/с «клан ювелиров»  
23.40 Т/с «тверская. любой ценой»  
01.30 Т/с «дворняжка ляля»  
03.00 «Джелаладдин»  
04.00 Кешкі жаңалықтар (қайталау)  
04.20 «ктк қоржыны»  
05.20 «әнім сен едің»

**ЖЕТИСУ**

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» / тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.25 К/ф «Өзгеремін»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.45 Д/ф «Киелі Қазақстан»

Мыңжылдықтар мұрасы»  
12.05 «Біздің толқын» / тікелей эфир/  
12.50 «Әсем әуен»  
13.05 «19 регион»  
13.40 «Әсем әуен»  
14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...»  
14.45 Әсем әуен  
15.00 Жаңалықтар / тікелей эфир  
15.20 «Шашу»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Менің ағам -агент»  
17.00 «Угәгәй melody»  
18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир  
18.40 «Әсем әуен»  
19.30 «Агро аймақ»  
19.40 «Әсем әуен»  
20.15 «Сакральный Казахстан.Наследие Великой степи»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «После огня»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 К/ф «Көлеңкедегі күш»  
22.40 «Әсем әуен»  
23.20 «Аман болайық»

**31 КАНАЛ**

06.00, 04.00 «Әзіл студио» ойын-сауық  
06.30 05.20 «Ризамын» ойын-сауық  
07.00, 20.00 Информбюро (рус., каз.)  
08.00 «31 езіп» ойын-сауық  
08.15 «Streetxaha» телехикаясы.  
09.00 М/с «Аватар: Легенда об Аанге»  
09.50 М/с «Губка Боб»  
11.50 М/с «Пингины Мадагаскара»  
12.40 М/с «Кунг-фу Панда»  
13.30 Х/ф«максимальный риск»  
15.30 Х/ф«заложница»  
17.20 Х/ф«капитан филлипс»  
21.00 Х/ф  
23.10 STREETXANA» телехикаясы  
00.00 «ҚОШ КЕЛДІ!» драмасында  
02.40 «Time Vine» ойын-сауық  
03.00 Tik Tok show» ойын-сауық  
03.20 05.00 «What's up?»  
04.20 «1001 Өзіл» ойын-сауық  
04.30 Телевикторина

**7 КАНАЛ**

06.02 «Тойхана»  
07.00, 15.30Т/х«Үзілген жапырақтар»  
09.00 Концерттік бағдарлама  
11.00, 20.00 Т/с «ветренный»  
13.00 Жаңалықтар  
13.15 Новости  
13.30 «Каспий море на грани»  
14.10Т/х«Әмірші әйел»  
15.30 «Үздік әзілдер»  
17.00, 18.30 ТелеТ/с  
18.00 Жаңалықтар  
19.30 Новости  
17.10 Өзілің жарасса  
18.10, 22.30 Жаңалықтар  
18.40.22.55 Новости  
19.10 Т/с «Карадайы. Бесценная правда»  
21.40 Гүл-гүл

# КӨКТЕМ КӨҢІЛ



Сембек АБДРАХМАНОВ  
«Алатау»

## ОН ЕКІ САНЫ

Саусақты бүгіп санасам,  
Жылдардың аты - он екі.  
Айларға туған қарасам,  
Оның да саны - он екі.  
Саусақты бүгіп санасам,

Жылдардың аты - он екі.  
Ұрпағы өсіп, тараған,  
Бабалардың да саны - он екі.

Тартылса табақ астарда,  
Жіліктің саны - он екі.  
Тәрбиенің берер жастарға,  
Бағыты да - он екі.

Артта қап жылдың бір күні,  
Ауысар тәулік ертеңге.

Сағаттың жылжып қос тілі -  
Он екіге келгенде.

Халінді біреу сұраса,  
Жаман деме, тәуір де.  
Гагарин ұшты ғарышқа  
Он екінші сәуірде.

Немерем келді өмірге  
Он екінші сәуірде.  
Ұрпағың өсіп жалғасса,  
Шүкіршілік жаса тәңірге.

Болсын әр кез көңіл жай,  
Жарқырап тұрсын күн мен ай.  
Он екі деген - бір мүшел,  
Амандық берсін бір құдай!

Он екі саны - киелі,  
Барлық жұрт оны біледі.  
«Айдан аман, жылдан есен бол!»,  
- деген

Батагөй қарттың тілегі.

## ЖАСЫРҒАН ЖЫРҒА СЫРЛАРЫМ

Отырмай құр, бос текке,  
Соғады көңілім әр шетке.  
Жарға ұрған толқындай,  
Тыншыйды тоқтап бір сәтке.

Зырылдап кейде қаламым,  
Қағазға түсіріп аламын.

Сөз маржанын теремін,  
Тіліндей тәтті баланың.

Жырларым тарап әр шетке,  
Семей, Тараз, Жәркентке.  
Барады ұшып қалықтап,  
Астана және Шымкентке.

Тыңдалар асыл жырларым,  
Жасырған жырға сырларым.  
Ерінбей оқып, сараптап,  
Жанымды ұқшы, сырғалым!

## КӨЛІК

Жүріп тұрса көлігің,  
Көтеріңкі көңілің.  
Болып тұрар қашан да,  
Әр сапарға сенімің.

Көңіл шіркін мезгеген-  
Жеткізбейтін көк дөнен.  
Алыс, жақын жерлерге,  
Бұрын барсаң өзгеден.

Жүрмей қалса көлігің,  
Жалынышты өмірің.  
Пұшпағындай терінің,  
Құнсыз мынау темірің.

Көп нәрседен ұтылып,  
Аласұрып құтырып.  
Қол көтеріп әркімге,  
Әттең-ай деп жұтынып.

Жүріп тұрсын көлігің,  
Жүйрік болсын көңілің.  
Тоқтаса да көлігің,  
Тоқтамасын өмірің.

## ЖАСТЫҚ ПЕН ҚАРТТЫҚ

Көктемнің гүлі,  
Құстардың үні -  
Бөлейді бір шаттыққа.  
Қызықты күні,  
Бойда жоқ міні,  
Не жетеді жастыққа!

Білімің толып,  
Жүрсең де озып,  
Жар салуға асықпа.  
Салтанат сәнді,  
Жесең де дәмді,  
Жетпейді - ау, шіркін, жастыққа!

Думанды күнің,  
Жайнаған гүлің -  
Келмейді енді аптықпа.  
Бұзылып рең,  
Бүгіліп тізең,  
Шараң бар ма қарттыққа?!

Келмеске кеткен жастық - ай,  
Ескертпей жеткен қарттық - ай!

# ӨЛЕҢ - ӨМІР

## ТУҒАН КҮНГЕ КӨРІМДІК (немере қызым – Айнарға)

Өлі есімде томпаңдап жүгіргенің,  
Еркеледің, ерекше күлімдедің.  
Еркін өсіп, ержетіп келе жаттың,  
Қиын-қыстау кезде де сүрінбедің.

Сәбиіңнен саналы, зерек болдың,  
Басқалардан биіктеу, бөлек болдың.  
Әр оқуды бітірдің жоғарылап,  
Жалақыңды жасырын төлеп қойдым.

Сен дегенде атаңның аяры жоқ,  
Салдарынан қарттықтың алаңым көп.  
Туған күнің құлыным нұрлы болсын!  
Сонда ғана көңілім болады тоқ!

Жазыпсың ғой атаңа өлең арнап,  
Қорқынышпен өмірді жүрсің барлап.  
Жасым келді 80-нің бесеуіне,  
Сарқылғанда дәм-тұзым Құдай алмақ.

Сондықтан да Айнарым алаң болма,  
Жазарым бар, әзірге қалам қолда.  
Келе қалса кенеттен ажал шіркін,  
Ренжіме жазмышқа, шараң бар ма.

Өлеңіме ендеше оралайын,  
Тоқетерін сөзімнің баяндайын.  
Салиқалы сабырмен күте тұрғын,  
Туған күнге көрімдік даярлайын.

Лаулатуға құйғандай отқа майды,  
Келмейді ғой адамға босқа қайғы.  
Тіршілікте сүйінер ләззатымсың,  
Өзің барда жүрегім тоқтамайды!

## АЛАҢДАУ МЕН АҢСАУ

85 келем деген жасым ба еді,  
Құрбылар бұрындары қасымда еді.  
Пенделер ала көңіл жақтырмаса,  
Тәңірім алаңдатпай алсын мені.

Ешкімнің ала жібін аттамадым,  
Өлеңім-куәгерім, шот-қағарым.  
Кездесті тіршілікте кеселділер,  
Сонда да мен оларды даттамадым.

Өзімнен өзгелерді биік көрдім,  
Бірі деп бағаладым сүйікті ердің.  
Жоқ еді ешбір жанға қызғанышым,  
Сатысы осы болар биіктеудің.

Қытайдың Құлжа дейтін қаласында,  
Оқыдым үш-төрт жылдай нанасың ба.  
Сұрқия саясаттың салдарынан,  
Алмады бөтенсініп панасына.

Себебі—Қазақстан елім еді,  
Біздерге еркіндікті беріп еді.  
Бір кезде қысым көріп шекара асқан,  
Орнықты қандастарға сеніп еді.

Шайқалып өтіп жатты заманалар,  
Босқын жұрт жер іздеді пана болар.  
Шашылды қазақ жұрты жер шарына,  
Жөнім жоқ көшкен елден дараланар.

Жоғалтпай бойға сақтап сабырымды,  
Басымнан өткерсем де ауыр күнді.  
Өзірге үміт жібі үзілген жоқ,  
Аңсаумен күтіп келем тәуір күнді.

85 келем деген жасым ба еді,  
Құрбылар бұрындары қасымда еді.  
Пенделер ала көңіл жақтырмаса,  
Тәңірім алаңдатпай алсын мені.

## ҒҰМЫРНАМА

Ғасырға жуық өмірім,  
Сапырылып өтіпті.  
Жақсысы бар, жаманы,  
Келмеске бәрі кетіпті.

Бала күннен тегінде,  
Емес едім жылауық.  
Көтеріңкі көңілмен,  
Өлең жаздым бір ауық.

Замананың зардабын,  
Сезініп өстім жасымнан.  
Құлжада оқып шетелдік,  
Қиындық өтті басымнан.

Жиырма бір жасымда,  
Елге оралар сәт туды.  
Қазақстан делінген,  
Отаным еді көк тулы.

Бөтен елден келе сап,  
Кірігіп кету оңай ма?  
Иір-қиыр жол болды,  
Соқпайтұғын оңайға.

Орталығы колхоздың -  
Көшкентал еді тұрағым.  
Әр жұмысқа қатысып,  
Өзімді өзім сынадым.

Жүн сортадым қой қырқып,  
Босандығым сезілді.  
Аға шопан, жылқышы -  
Оңайлау боп көрінді.



Ол кездегі ауылдың,  
Осылай ғой тірлігі.  
Жасым толып кетіпті,  
Әскерге кеттім бір күні.

Қайда жүрсем бәрібір,  
Ақындығым қалмады.  
Шабыт беріп жаным,  
Өмірімді жалғады.

Оқу оқып кәсіби,  
Жолға шықты журналист.  
Сиялы қалам ұшында,  
Бейнелеңді болған іс.

Ғасырға жуық өмірде,  
Талай жерді шарлады.  
Тәубе етемін, әрине,  
Жүзеге асты арманым.

Кензехан РАҚЫШ,  
ақын, Қазақстанның  
Құрметті Журналисі

# ТЫЛДАҒЫ ЕҢБЕК

(Жалғасы, басы газеттің № 12-13 сандарында)

**Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ**  
тарихшы-өлкетанушы

## АНДРЕЕВ АУДАНЫ

Ауданның әрбір ұжымы, әрбір тұрғыны Жеңіске, біздің жауынгерлерімізге көмек көрсетуге өз үлестерін қосуға ұмтылды. Олар алдыңғы шептегі әскерге сыйлықтар жолдады.

Андреевтіктер егіс алқабында жиналған әр түйір дәнді дұшпанға атылар кезекті оқ екендігін жан-тәнімен түсінді. Аталған аудан еңбеккерлері соғыс жылдары елімізге 1,5 млн. пұт астық, 104 мың пұттан астам ет, 233 мың пұттан астам сүт және 7,7 мың пұт жүн берді.

Аудан бойынша Қорғаныс қорына, жалпы алғанда 80млн.сомның ақшалай-заттай көмегі көрсетілді. («Октябрь туы», 10.05.1985 жыл)

1943 жылы аудан тұрғындары Қорғаныс қорына 20 мың сомнан аса қаржы аударып, әскерге көмек ретінде 41500 сом тұрарлық облигация сатып алды. («Заря», 06.05.1995)

**Николаев ауылының тұрғыны Анна Тимофеевна Шевелева** (1920 жылы туған) осы ауылдың орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып өмір жолын бастаған. Соғыстың басталған күнінен-ақ майдан үшін еңбек етіп, егін жинап, тапқан табысын госпитальдарға көмек ретінде жіберіп отырған. Оған қоса, қыз-келіншектердің басын қосып, Қызыл Армия жауынгерлеріне жылы киім тігіп, тоқуды ұйымдастырған. Өзі тапқан қаражатын соғыс қорына аударып отырған. Ұйымдастыру қабілеті жоғары болатын. Соғыстан кейін ол білімін Жоғары партия мектебінде жетілдіріп, ұзақ жылдар партия-совет органдарында қызмет етті. Қазір Талдықорғанда тұрады. Немерелеріне қамқор апа, шөберелеріне сүйікті әже.

**Қамбар Төлепберген (1928 жылы туған) Көлбай ауылының тумасы 13** жасында әкесі Төлепберген Смағұлұлы соғысқа кеткен соң, үйде анасы екеуі қалады. Жас Төлепберген Күмісай анасына атқосшы болып таңның атысынан, кеш батқанша ат пен соқаның артында жүрген. Ол кездерде колхоздарда ЧТЗ тракторлары өте аз болған. Бала болса да тамаққа шыдап, кеш батқанша дала жұмысын тастамай жүрген. Бұлар 30-шы жылдардың ашаршылығынан да аман шыққан ұрпақ қой!

Тылдағы халықтың елене бермейтін еңбектегі ерліктері Отан үшін, Жеңіс үшін шыдамдылықтары шексіз зор болған сияқты. Бізге осындай шексіз даламыз бен байлығы мол жерімізді жаудан сақтап қалған соғыс және тылдағы ата-бабаларымызға, әже-аналарымызға қанша тағзым етсек те көптік етпейді деп ойлаймын.

**Екпінді колхозында 1933 жылы туған Мәпiш Шәкенқызы «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озат қызметкері».**

Балалық шағы соғыс жылдарымен тұспа-тұс келіп, сол кездегі өз қатарластарымен бірге «Бәрі де майдан үшін, бәрі де Жеңіс үшін» деген ұранмен майдан даласында жүрген әкелерінің елге жеңіспен оралуына өз үлестерін қосу үшін балалық шақтың қызығын ерте тоқтатқандардың бірі.

Ол кісінің естелігі көз алдында. Небәрі үшінші сынып оқып жүргенде, жасы 10-11лер шамасында. «Барлық балалар

жетекшілеріне еріп, егін алқабына барып, қолдарына орақ алып егін орып, шөмеле салып, күзде тауға барып отын шауып, мектепке отын дайындайтын еді. Қыс түскенде жүн жуып, аналарымен бірге жіп иіріп, нәскей тоқып, оны майданда жүрген әкелеріне жіберетін. Көктем шыға тауға барып, тал әкеліп мектептің айналасына тал отырғызады. Мал төлдегенде



**Мәпiш Шәкенқызы**

сақманға барып, ер балалар қой жайса, қыз балалар қозы бағып, оларға сүт беріп асырадық», – деп еске алады. Сақман аяқталған соң қой қырку басталып, ер балалар қой қырықса, қыздар жүнді қапқа салып, аянбай еңбек етіпті. Елмен бірге Жеңіс күнін жақындатуға өз үлесін осылайша қосқан олардың балалық шағы еңбекпен өткен.

Соғыстан кейін ЖенПИ-ді бітіріп, Екпінді, Комсомол орта мектебінде, Үшарал қаласындағы Абай атындағы мектебінде мұғалім, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарған Мәпiш апамыздың қазіргі арманы бүгінгі өскелең ұрпағымыздың өзінің замандастарының көрген қиыншылықтарын көрмей, ашық аспан астында бақытты өмір сүрсе екен дейді. (**«Талдықорған» газеті, 11 сәуір, 2025 жыл**)

**Маприза Майлығұлова 1937 жылы Андреев ауданы, Екпінді ауылында туған.** Соғыс кезіндегі балалық шағы еңбек даласында өткен ұрпақтардың бірі Маприза апамыз мектепте оқи жүріп, колхоздың шаруасына да араласқан. Кейін мектеп бітірген соң, өзі оқыған мектепте директордың хатшысы болып істеген. Болашақ жарымен танысып, шаңырақ көтерген соң 5 ұл, 2 қызды дүниеге әкелген ардақты ана болды. Қазақтың ұлттық қолөнерімен де айналысатын ардақты әже қазір көз жанары нашарлауына байланысты қол үзіп қалғанына өкінеді. (**«Талдықорған» газеті, 30.04.2025 жыл №17**)

## БӨРЛІТӨБЕ АУДАНЫ

1997 жылы жабылып қалған ауданның Ұлы Отан соғысы жылдары 16 колхозы болғандығы архив құжаттарында хатталып қалған.

Ворошилов атындағы, Горький атындағы, Гигант, Ерікті, Ульга, Қызыл рыбақ, Балхаш-рыбақ, Жаңа тілеу, Социалистік Қазақстан, 1-май, Көпбірлік,

Киров атындағы, Жаңа өндіріс, Қызыл Октябрь, Фрунзе атындағы, 8-март және Метизный завод атындағы колхоздар Жеңіс үшін деп, күні-түні аянбай еңбек еткендігін еске салған жөн болар.

Бұрынғы төрт ауданға бытырап бөлініп кеткен Бөрлітөбе ауданы тек тарих парағында ғана қалғандығын жас ұрпақ білсін деп жазып отырмын. Қазір Көпбірлік Қаратал ауданына қарайды. Соғыстан кейін мұндай халге Дзержинский, Андреев, Қапал, Қоғалы, Октябрь аудандары да жабылып қалғанын айта кеткен жөн.

Соғыс жылдары бөрлітөбелік қыз-келіншектердің белсенділер тобы облысымыздың барлық әйелдеріне арнап Үндеу жариялаған. Ол Үндеуде соғыс жылдары әйелдерді ерлердің атқаратын мамандықтарын меңгеруге шақырып, әскери істі оқып үйренуге, әскер семьясы мен жетім балаларға қамқорлықпен қарауға шақырған.

Облыстың мыңдаған әйелдері аталған Үндеуге қызу қолдау көрсетіп, күніне 12-20 сағатқа дейін жұмыс істеп, майданға кеткен ерлердің орнын жоқтатпады. Әйелдер ауыр жұмыс атқарып қана қоймай, жауынгерлерге жылы киім жинап, қолғап, жылы шұлықтар тоқыды. Бұл қамқорлық майдан мен тылдың тығыз бірлігін жарқырата ашып көрсетті.

Сондай кәсіпорынның бірі - соғыстың алғашқы айларында Лепсі станциясына Харьков облысынан көшіріліп жеткізілген шығыршық шеге жасау зауыты болды. Оны құрастыруды зауыттың 150 жұмысшысы мен жергілікті тұрғындар ашық аспан астында жүргізіп, тұрғызған соң қысқа мерзім ішінде өнім шығаруды жолға қойды. Зауыттың өнімдері жедел түрде Москва, Челябинск қалаларындағы қорғасын зауыттарына жөнелтіліп тұрды. Кәсіпорын өнім өндіру деңгейін 1943 жылы едәуір арттырып, майданға қажетті көптеген маңызды жабдықтар шығарып, жөнелтіп жатты.

1942 жылы көшіріліп әкелінген Шегешайба зауыты өз жұмысын көп ұзамай бастап кетті. Шеге және механика цехы – 15 қаңтарда, шайбалық цех – өз жұмысын 18 наурызда бастады. Аудан ұстаздары мен оқушылары майданға 70 пар жылы киім, госпитальдегі жауынгерлерге 20 пачка темекі, 380 дана жұмыртқа, жаудан азат етілген аудандардағы балаларға 1000 дана оқу құралдарын, ал Лепсінің соғыстағы жауынгерлеріне 1484 кг. етті сыйлық ретінде жіберген. («Заря», 6 мамыр 1995 жыл)

1943 жылы Бөрлітөбе аудандық комсомол жастары жексенбілік өткізіп, тапқан табыстары есебінен 9342 сом ақшаны Қорғаныс қорына аударды.

**Ленин қаласын қорғаушы Анықбай Балатекеновтың Қазақстан Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы (Н.) Ондасыновқа хаты**

**1942 ж. 18 желтоқсан.**

Біз, Ленин қаласының қорғаушысы, Сіздің жазған хатыңызды оқып, қазақ халқының мемлекет планын соғыстан бұрынғыдан да неше есе артық орындағанын білдік. Қазақ әйелдерінің еңбекпен айналысып, Ленин-Сталин партиясының маңына толық ұйымдасқандығы, еңбекті соғыстағыдай істегендігін айқын түсінеміз. Біз, Ленин қаласын қорғаушы қазақ жауынгерлері халқымыздың, ата-аналарымыздың тапсырған қызметін мұқият атқарып, неміс басқыншы иттеріне күн-түн соққы беріп, қырудамыз. Сіздердің қолға берген қару-жарақтарыңды қырағы ұстап, жаңа техникамен соққы береміз. Ата-аналардың жіберген сәлемдемелерін де алудамыз. Сонымен қатар, сіздердің бұдан былай да жұмысты жаңа түрде істеп, қазақ даласында іске аспай жатқан (Балқаш көлі және күш) 1\* тұз кендерін, Баканас бойыншағы шірген отындар) байлықтарды мемлекет пайдасына асыруларыңызды қауіпті соғыс кезінде бұдан да көп байлыққа жетулеріңізді сұраймыз.

Біз, Ленин қаласын қорғаушы қазақ жауынгерлері Отан жерін жаудан тазартуда жаумен аянбай күресеміз.

Отан үшін, Ленин-Сталин партиясы үшін, СССР халықтарының бірлігі үшін, көсем Сталин үшін қазақ жауынгерлері «Алға-Алға» деп таймаймыз, алда боламыз!

**Қазақ жауынгері Анықбай БАЛАТЕКЕНОВ.**

Туған жерім: Алма-Ата, Бурлюктыбе, Балқаш советі, Көпбірлік к-зы. Семьям сонда тұрады.

**ҚРПМ. 708 к. 6/1-т. 533-іс. 162-п. және сыртқы беті. Түпнұсқа. Көк сиямен жазылған қолжазба.**

Тылдың жұмысын қайта құруға байланысты соғыс жүріп жатқан аймақтардан жедел түрде оңтүстікке, яғни, Қазақстанға көшірілген өнеркәсіп орындарын тез арада іске қосып, Қызыл Армияға қажетті әскери техника

Аудан колхозшылары бірігіп «Колхозник Казахстана» танк жасату қорына 535 мың сом ақша аударды.

Осы ауданның Көпбірлік колхозының тумасы Анықбай Балатекеновтың Қазақстан Халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Н. Ондасыновқа жазған хатын толық беруді жөн көрдік.

Жоғарыда айтылғандардан басқа Бөрлітөбе ауданының халқы соғыстағы жауынгерлерге 384 мың 398 сомның сыйлықтарын жіберген. («Заря коммунизма» 27.08.1980 жыл)

**«Жаңа тілеу» колхозында 1935 жылы туған Абдильдин Нығмет, сондай-ақ оның болашақ жары Хадидиша Ахметова**



**Нығмет пен әйелі Хадидиша**

мен қару-жарақты барынша көп, әрі шапшаң жасап шығару ісі талап етілді.

ауылда қалған әйелдермен бірге бұғанасы қатпаған бала болса да ауыр

# МАЙДАНЫ

еңбекке араласты.

Алғашында атқосшы (погонщик) болып істеді. Таңғы 4-5-тен бастап жазда егін шапса, одан қалса екі егізді шөпшапқышқа жегіп, күн батқанша жетектейді. Қолы босағанда шабылған шөптің орнын тырмалап, шөмелейді, көпеге салады. Содан соң егіннің масағын жинайды, дорбаға салып, диірменге аркалап апарды. Сондай ауыр жұмыстарды Жеңіс үшін күні-түні жасаған ауыл адамдары қажырлы еңбегімен Жеңісті жақындатқан еді. («Жетісу шұғыласы», 22 мамыр, 2015 жыл)

## 28 ГВАРДИЯШЫЛАР АУДАНЫ

Қоғалы ауданы соғыс уақытында Москва түбіндегі Волоколамск шайқасындағы 1941 жылы ерлік көрсеткен қазақстандық 28 панфиловшылардың ерлігін ұлықтау үшін 28 гвардияшылар ауданы деп аталған.

28 панфиловшылардың 10-ы Кеңестер Одағының батырлары. Бұл аудан өз еңбек ерлігімен де Жетісу тарихында ойып орын алып отыр. Соғыс уақытында осы аудандағы алғашқы колхоз құрылысының негізін қалаушы, алғашқыда Сталин атындағы колхоз, кейін «Путь коммунизма» колхозының төрағасы Федор Кузьмич Сероштан Қызыл Армия қорына жеке өзі ғана 100 мың сом қаржы және 120 пұт астық өткізген. Сероштан 1948 жылы 28 наурызда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Социалистік Еңбек Ері атанған.

1943 жылы Сталин атындағы колхоздың колхозшылары Қызыл әскер қорына 50 мың пұт бидай, «Колхозник Казахстана» деп аталатын танк колоннасына 450 мың сом аударды.

«Егеменді Қазақстан» газетінің 2025 жылдың 3 сәуіріндегі санында тілші Қанат Бірлікұлы «Егеменнің архивінде» деген мақаласында тылдағы ақсақалдардың майданға көрсеткен көмегі туралы «Қария қазынасы» деген жарияланым ұсыныпты: «Біздің қасымызда қарапайым қарт отыр. Ол Гвардеец ауданының (Алматы облысы) Көшпенді колхозының мүшесі. Оның өңінде ерекше бір қуаныштың белгісі бар, әжім түскен көне жүзін жылы шырай бере күлімсірейді. Ол қуанышты. Себебі, адал еңбегімен тапқан 84 мың 650 сомды отан заемына беріп отыр. 84 мың 650 сом! Бұл ақша оның адал еңбегі, әйелі Рахима шешейдің, қызы Зейнеп қарындастың адал еңбегі. Табанақы, маңдай терімен тапқан асыл еңбектің ақ жемісі өзінің орнын тапты, отан өмірін сақтайтын ұлы қорға құйылды. Қария осыған қуанды!» - делінген.

Екі ұлын бірдей соғысқа аттандырған «Путь коммунизма» колхозының ұстасы П.Поцелуев жұмыстағы күндізгі нормасын 150-200 пайызға орындап жүрген. Соғыстағы баласына жіберген хатында: «Фашистермен өмірің мен күшің сарқылғанша аямай соғыс. Ал мен болсам, жасым ұлғайса да 2-3 адамның жұмысын атқарамын, ал қажет болса өзім де майданға барамын», - деп жазған. («Сталинец» газеті, 1941 жыл 3 тамыз)

Ал «Заря Востока» колхозының төрағасына 90 жастағы бұрынғы колхозшы Петр Беляев:

- Мен осындай соғыс уақытында үйде бос отыра алмаймын, маған жұмыс беріңдер, мен өз еңбегіммен өзіміздің Қызыл Армияға көмек көрсетуім керек - деген. (Байгүжин К. «Трудовые подвиги трудящихся Талдыкурганской области», 19-20 бет)

Қоғалылық Петр Данилович Дутов 1941 жылы 21 шілде күні Дубосеково түбіндегі ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы жариялаған жарлығымен Кеңес Одағының батыры

«...У каждого из нас, — писал Дутов, — на фронте, в Красной Армии дорогие нам люди — сыновья, братья и мужья. Они привыкли чувствовать заботы и ласку Родины, наше внимание к ним. Вот мы отправили на фронт пять сынов своих родных: Петра, Михаила, Федота, Николая, Ивана. Дали мы им наказ свой родительский: бейте немцев насмерть, бейте так, как велит народ. И сыновья наши держат родительское слово крепко, трое из них гвардейцы-панфиловцы, а Петр вместе с 28-ю бесстрашными воинами пал на ратном поле под Москвой, но врага не пропустил...»

Собрались мы здесь недавно всей семьей, посоветовались с дочками, невесткой и порешили направить нашим бойцам, командирам к празднику Красной Армии посылку

«Мы призываем всех колхозников и колхозниц Казахстана последовать нашему примеру» (Районная газета «Сталинец», 1943, 25 января).

атағы берілген. Ол Москва түбіндегі соғыста қаза тапты. Бес бірдей ұлдарын Петр, Михаил, Федот, Николай, Иванны Отан қоғауға аттандырған олардың ата-анасы 3 ұлының панфилов гвардиясында екенін мақтан тұтады. Қыздары мен келіндерімен қоса, Дутовтар отбасы Жетісу халқына Қызыл әскер күніне орай жауынгерлерге лайықты сыйлықтар тарту ету жөнінде бастама көтеріп, бұған Қазақстанның барлық еңбекшілерінен қолдау күтетінін жариялаған болатын.

Ал Сарыөзек станциясының паровоз машинисі П.Н.Шароко майданға қажет жүктерді тасымалдағаны үшін Бүкілодақтық социалистік жарыста жеңімпаз атанып, Ленин орденімен марапатталған.

Матай станциясы депосының паровоз машинисі М.Қаптағаев Бүкілодақтық «Еңбек айбыны» кітабына жазылған. («Заря», 25 наурыз, 1995 жыл)

## ДЗЕРЖИНСК АУДАНЫ

Ұлы Жеңіске сүбелі үлес қосқан аудандардың бірі - Дзержинск ауданысұрапыл соғыстың тауқыметін, азаптылығын тартпаған отбасын табу қиын.

Дзержинск колхозының тумасы Мария Терентьевна Долгалева (Перелевская) соғыс басталғанда небәрі 12 жаста еді.

Әкесі Терентий Александрович - колхоздың ұстасы, анасы Анастасия Борисовна - колхоздың складының күзетшісі еді.

Үлкен-кіші демей, Жеңісті жақындату үшін тылдың жүгін көтерген қыз-келіншектер, қабырғасы қатайып қалған ересектеу балалар, қарттар да өлшеусіз маңдай терімен лайықты дем берді.

Майданға аттандырған азық-түлік, киім-кешек, басқа да жіберілен дүниелер жауға атылған оқпен тең болды. Колхозшылар жас демей, кәрі демей



Мария Терентьевна Долгалева

барлық жұмысты бірге жасады. Өгіз жегілген соқамен жер аударды, күзде қолмен бидай орды, байлады, келтірді, молотилканы қолмен бұрап бидайды өңдеді. Ауылдың ауыр тірлігінің бәрін олар тек «жауды жену, Жеңісті жақындату» деп түсінді.

Жеті кластық білім алған соң соғысқа бармақ болған Мария Терентьевна 6 айлық медсестралар курсы бітіргенше, фашистік Германия Қызыл Армияға тізе бүкті.

Өз туған ауылындағы ауруханаға вакцинация болып орналасты. 1946 жылы Талдықорған медициналық училищесін бітірген соң, қайтадан Дзержинскінің учаскелік ауруханасына келіп медсестралық қызмет істеді.

Бүгінде зейнеткер Мария Терентьевна Қабанбай ауылында балаларының анасы, немере-шөберелерінің әжесі болып жатқан жайы бар. («Огни Алатау», 23 қараша 2015 жыл)

## КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ

Аудан 1973 жылы 25-желтоқсанда бұрынғы Қоғалы, 28-гвардияшы, Гвардия аудандарының аймағындағы аудан. Орталығы - Сарыөзек бекеті.

Сарыөзек бекетінің тұрғыны (Қапиза Қабдығалықова) 1936 жылы Панфилов кентінде дүниеге келген. Екінші



Қапиза Қабдығалықова

дүниежүзілік соғыс басталған кезде ол небәрі бес жаста еді. Әкесі бауырларымен бірге майданға аттанған. Анасының төркіні Жоламан станциясында тұрғандықтан, өз ауылына көшіріп алды. Анасы соғыс жылдары Жоламан станциясында сиыр баққан.

Ал Қапиза болса құрдастарымен

бірге 3-4 сыныпта оқып жүріп, тас жинауға арналған темір жол вагондарын толтырып, тас тиеп беретін.

Соғыстан кейін Сарыөзек станциясында диспетчерлік бөлімде оператор болып жұмысқа орналасты. 36 жыл үздіксіз еңбек етіп, зейнетке шықты. Тыл ардагері ретінде мемлекет тарапынан да назардан тыс қалған емес. Ұлы Жеңістің 60,70,80 жылдарында құрмет көрсеткен. Балалық шағы соғыс жылдарына түсіп, бейнеттің ащы дәмін тартқан Қапиза Қабдығалықованың ғұмыры - бүгінгі ұрпаққа үлкен тағылымды шынайы тарих. («Жетісу», 8 ақпан 2026 жыл)

Тастыөзек ауылында 1928 жылы қарапайым отбасында дүниеге келген Сағат Бейсенұлы Дунаев соғыс басталғанда 12 жаста еді. Бірақ ел басына күн туғанда, жасы емес, жауапкершілігі мен жігерлілігі маңызды еді. Өз қатарластарымен тылдағы жұмысқа араласып, жеңіс үшін аянбай



Сағат Бейсенұлы Дунаев

тер төкті. Ол арбаға мініп, егіс даласына барып, шөп пен астық жинауға қатысты.

Қырманға орып әкелген бидайды арбамен жеткізген, кейде өздері қуырылған бидайды керек етсе де, соғыс даласындағы жауынгерлерге азық жіберуді тоқтатпаған.

Бұл - балалықтан бұрын ерте есейген буынның шынайы өмірі еді. Олар мектеп партасында емес, егіс басында, қырманда еңбектерімен шыңдалды.

Еңбек пен жауапкершілік оларды ерте есейтті. Тылдағы қажырлы еңбегімен Жеңістің жақындауына өз үлесін қосты. Мұндай тыл ардагерлерінің еңбектері ешқашан ұмытылмауы тиіс.

Соғыстағы ұлы Жеңіс тек

(жалғасы газеттің келесі санында)

# КІТАП ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ

Баян ТАҒАТАРОВА

«Алатау»

Басқаларды айтпағанда, үйдегі кітап сөресіндегі әр жылғы шыққан көптеген кітаптардың бетін ашуға қызықтан немерелерді көрмеймін. Оған ішім ашиды. Сол сәтте Тоқаевтың сөзі есіме түсіп кетеді. Ол: «Біз бала тәрбиесін елеуметтік желіге беріп қойдық», - деп еді ғалымдарды марапаттау рәсімінде сөйлеген сөзінде. Өте мағыналы сөз. Расын айтсақ, әр баланың қолында бір-бір смартфон, оған берілгенді соншалықты айғайлама саң шақырғаныңды да естімейді.

Президент кітаптың маңызына

Қазіргі аға буын өкілдері жастық шақтарын еске алса, әңгімелерін кітапқұмарлықтан бастайды. Оқып біткен кітабынан алған әсерін ортаға салып, кітаптағы кейбір оқиғаларды тамсанып тұрып құрдастарына жеткізетіні соншалық, қалғандарымыз тезірек сол кітапты оқысақ деген ниетпен аудандық кітапханаға жүгіретінбіз. Оған қоса әдебиет сабақтары өте қызықты өтетін. Оқулықтағы авторлардың шығармаларын да толығымен оқып, білуге қызыға кірісетінбіз. Өкінішке орай, қазір ондай құлшынысты жастардан көп байқамаймын.

балаларға зиян келтіріп, психологиялық тұрғыдан тәуелді ететіні мойындалды.

Біз бұдан сабақ алуға тиіспіз. Сондықтан ұрпақ тәрбиесін елеуметтік желілер мен видеосервистердің бодауы-

бұлағы әрі тәлімгер ретінде маңызын жоя қойған жоқ.

Кітап оқыған сайын танымың тереңдейді. Кітап ақыл-ойды шыңдап, дүниетанымыңды кеңейтетіні, адамдардың өз қарым-қабілетіне деген сенімін күшейтетіні белгілі.

Таяуда еліміз Ұлттық кітап күнін екінші рет атап өтеді. Жұртшылықтың қолдауына ие болған бұл бастама отандық баспа саласының жұмысын жүйелеп, шетелдік авторлардың өзекті, пайдалы көркем шығармаларының аударылуына түрткі болуға тиіс.

Кітап оқу үрдісі төл дүниетанымымыздың ажырамас бөлігіне, ұлттың озық қасиетіне айналғаны жөн. Ғалымдар бұл іске салмақты үлес қосуға міндетті деп санаймын», - деді. Жөн. Бұдан артық қалай айтуға болады?

Кітапта жоқ дүниені смартфон, планшет, компьютерден оқып дағдыландық. Бұл мектеп оқушылары мен студент жастарға өте қолайлы десек те аға буын үшін қағаз кітап ыңғайлы. Өйткені кітапты оқыған кезде адам әр сөздің мәнін түсінеді, ойлануға уақыт бөледі. Кітап тек жаңа ақпарат алу үшін емес, ойлау қабілетін дамыту, сыни көзқарас қалыптастыру, қиялды жетілдіру үшін қажет. Сол үшін технология



мен интернет ақпаратқа тез қол жеткізуге көмектесе де, кітап оқу-адамның білімін тереңдететін, ой-өрісін қалыптастыратын ең тиімді құрал болып қала береді.

Анық айтқанда озық технология дегеніміз, ол - құрал, ал кітап-мазмұн. Ғаламтордан алынған қысқа ақпарат білімнің орнын баса алмайды. Сол себептен заман талабына сай өмір сүре отырып, кітап оқуды да әдетке айналдыру керек. Менің ойымша, кітап оқитын адам - ойлы, саналы және жауапкершілікті адам. Сондықтан кітап оқу әдетін ешқашан ұмытпау қажет.

- Соңғы рет қашан кітап оқыдыңыз, ол кітаптың аты не? - деген сұраққа жауап берген 7 адам: - Кітаптың аты тұрмақ, соңғы кезде кітаптың бетін қашан ашқанымызды ұмытып қалыппын... - деп жауап берді.

Есіме 5 класта оқыған «Ерте дүние тарихы» деген пән түсіп кетті. Ұстазымыз Греция мен Рим тарихы туралы сабақ өткенде ертедегі құдайлар туралы мифтер мен аңыздарды

айтып беретін де «Ертедегі грек аңыздары» деген бұл кітаптар мектеп кітапханасында бар, алып оқыңдар дегенде, сол кітаптарды алып кезекпен оқушы едік. Немесе АҚШ-тағы құлдық қоғам туралы жазылған Гарриет Бичер Стоудың «Том ағайдың лашығы» деп аталатын кітабын да мектеп кітапханасынан алып кезекпен оқитынбыз. Бұл дегеніңіз кітап оқуға қызығушылық тудыру мектептен басталады деген сөз. Ал қазір ше? Озық технология кітап оқуды ұмыттырды. Тоқаев айтпақшыдай, тәрбие елеуметтік желіге берілді...

23 сәуір - әлемдік әдебиеттегі символдық күн. Дәл осы күні бірнеше көрнекті автор - Уильям Шекспир, Мигель де Сервантес және Инка Гарсиласо де ла Вега қайтыс болды. 1995 жылы Парижде өткен ЮНЕСКО-ның Бас конференциясында бұл күн жазушыларға және олардың шығармаларына әлемдік құрмет көрсету және кітаптарға қол жетімділікті арттыру мақсатында заңды түрде таңдалды.



тоқталып, өскелең ұрпақты тәрбиелеудің негізгі элементі ретінде оқу мәдениетін дамыту қажеттігін мәлімдей келе оқырманға ой салатын мына пікірлерін ортаға салды:

«Жақында АҚШ соттарының бірі шығарған шешімге сәйкес, кейбір интернет-платформалардың алгоритмі

на беріп қоюға болмайды. Бұл қосымша зерттеуді қажет етпейтін факт.

Отбасы институты мен білім беру жүйесін нығайту, шын мәнінде, балаларды кітап оқуға баулумен тығыз байланысты. Жалпы, осылай болуы қажет. Қанша жерден пессимистік пікірлер айтылса да, кітап - білім

## КІТАП - УАҚЫТПЕН ҮНДЕСКЕН ҚҰНДЫЛЫҚ

Дария ТАСҚЫНҚЫЗЫ

«Алатау»

23 Сәуір - елімізде Кітап күні. Цифрлы дәуірде қағаз кітаптың орны қандай? Жастар неге психологиялық әдебиетке көбірек қызығады? Кітап оқу бағыты әлсіреді ме, әлде жаңа бағытқа бет бұрды ма? Осы сұрақтарға жауап іздеп, біз қала тұрғындары арасында шағын жедел-сауалнама жүргізіп көрдік.

Біз түрлі жас санатындағы тұрғындарға қарапайым үш сұрақ қойдық:

1. Кітапты қаншалықты жиі оқисыз?  
2. Қандай жанрлы кітаптарды оқығанды ұнатасыз?  
3. Неге қазіргі жастар психологиялық кітаптарға әуес деп ойлайсыз?

Студенттердің көпшілігі аптасына кемі бір рет кітап оқитынын айтты. Алайда олардың таңдауы көбіне мотивациялық және психологиялық кітаптарға түседі.

- Қазір өзін-өзі дамыту маңызды. Сол үшін психология оқимын - дейді студент Аружан.

- Кітапты оқуға көп уақытым болмаса да, айына бір рет оқып тұруға тырысамын. Көбінесе жеңіл оқылатын, әрі өзіме пайдалы дүниелерді таңдаймын - дейді 3-курс студенті Нұрдаулет.

оқып тұратындарын айтты.

- Жолда жүргенде аудиокітап тыңдаймын. Бұл уақытты тиімді пайдалануға көмектеседі - дейді қала тұрғыны Әйгул.

40 тан жоғары буын өкілдері классикалық әдебиетке жақын. Кітапты жүйелі түрде оқиды екен.

- Кітап - адамның рухани серігі. Жастарға өзіміздің әдебиетті оқуға кеңес беремін онда үлкен тәрбие бар - дейді Гүлсім апай.

### КЛАССИКАДАН ГӨРІ ПСИХОЛОГИЯ ЖАҚЫН

Бұл қазіргі жастар сұранысы. Жастардың психологиялық кітаптарға әуестігі неден деген сұраққа жауап іздеп, олардың жауабын түсінуге тырыстық.

Біріншіден, заманауи қоғамда бәсекелестік жоғары. Әркім өзін жетілдіруге тырысады ал психологиялық кітаптар осы қажеттілікті өтейді. Екіншіден, ақпараттың көптігі мен өмір ырғағының жылдамдығы адамдарды күйзеліске жиі ұшыратады. Бұл жағдайда психология - өзін түсінудің құралы. Үшіншіден, елеуметтік желілердегі трендтер де әсер етеді. Танымал блогерлер мен коучтардың кеңестері де жастарды осы жанрға бағыттайды. Төртіншіден, жастар өмірлік бағыт іздеу кезеңінде психологиялық кеңестерге жиі жүгінеді. Мамандық таңдау, қарым-қатынас, өзін-өзі бағалау секілді мәселеде психологиялық кітаптар оларға дайын жауап немесе бағыт-бағдар береді. Бұл жанрдың тілі жеңіл әрі түсінікті. Көп жағдайда күрделі қарапайым тілмен жазылған кеңестер жастарға қолжетімді әрі қызықты. Дегенмен мамандар көркем әдебиеттің де маңызы



зор екендігін ескертеді. Себебі ол адамның ой-кеңістігін кеңейтіп, тіл байлығын арттырады, сондай-ақ терең ойлауға көмектеседі. Психология бағытында кітаптар пайдалы болғанымен, рухани тепеңдік үшін әртүрлі жанрды қатар оқу маңызды.

Жүргізілген сауалнама мен бақылау нәтижесі бір нәрсені анық көрсетті: кітапты оқу мәдениеті әлі де жойылған жоқ, тек өзгерді. Бүгінгі оқырман талғамы басқа, сұранысы басқа. Жастар психологиялық әдебиетке бет бұрса, аға буын классикаға әуестігін сақтап келеді.

### ҒАЛАМТОР ДАМЫҒАН ЗАМАҢДА КІТАПХАНАҒА СҰРАНЫС БАР МА?

Цифрлы дәуірдің басты ерекшелігі - ақпаратқа қолжетімділіктің артуы. Бұрын сирек кездесетін кітаптарды табу

азықты кітаптан іздейді. Бұл кітаптың құндылығы уақытқа тәуелді емес екендігін көрсетеді.

Осы орайда С.Сейфуллин атындағы орталық кітапханашының кітапханашысы Лина Айдынқызының айтуынша, қазіргі таңда кітап оқу үдерісі жаңа форматпен толыққан. Кітапханашының айтуынша, ең көп сұралатын кітаптар - психология, өзін-өзі дамыту және жеңіл оқылатын заманауи романдар. Сонымен қатар мектеп бағдарламасына енген шығармаларда сұранысқа ие.

- Қазір кітаптардың көбі электронды түрде де ұсынылған. Бірақ соған қарамастан қағаз кітаптар да өз маңызын жоғалтқан жоқ. Екі бағытта да оқырман бар. Қазіргі жастар кітапты көп оқиды, бұл қуантады. Өсіресе психология, мотивациялық кітаптарға қызығушылық жоғары. Ал зейнеткерлер тарихи, энциклопедиялық кітаптарды жиі таңдайды, - дейді кітапхана қызметкері.

Кітапханашылардың пікірінше, балаларды ерте жастан бастап кітапқа баулу аса маңызды. Ал кітапты сатып алғаннан көрі, кітапханадан алып оқыған тиімдірек әрі қолжетімді. Реті келгенде айта кетейік, кітап күніне орай кітапханада 16-23 сәуір аралығында түрлі шаралар ұйымдастырылуда. 16 сәуір ашық есік күні, ал 23 сәуірде қаладағы Арбатта кітап жәрмеңкесі ұйымдастырылмақ. 23 Сәуір - жай ғана мереке емес. Бұл - кітапқа деген көзқарасымызды қайта қарауға деген мүмкіндік.

## Бейсенбі - Четверг, 23 сәуір

### ХАБАР

05.00, 01.00Т/х«Фатмагүл»  
07.00, 09.00 «Неосеть»  
09.30 Мировые новости  
09.45 Әлем жаңалықтары  
10.00, 23.00Т/х«Эшрефтің арманы»  
12.00Т/х«Келінжан»  
13.00 «Ойна» 14.00 М/с «Барбоски»  
15.00 Х/ф«Сидни Уаит»  
17.00 Т/с «Мечта Эшрефа»  
19.00 Новости  
19.30 Х/ф«Петля времени»  
21.30 Жаңалықтар  
22.00 «КешREC»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 «Паутина»  
07.00 «қайырлы таң, Қазақстан»  
08.30 «доброе утро, Казахстан»  
10.00 «Жить здорово»  
10.50 «Модный приговор»  
11.50 «Давай поженимся!»  
12.50 Т/с «Забудь и вспомни»  
14.00 «Жаңалықтар»  
14.15 «Новости»  
14.30 Qoslike  
18.30, 03.00 «басты жаңалықтар»  
19.00.03.30 koremiz-шоу»  
20.00.00.40 «главные новости»

### КТК

07.05 кешкі жаңалықтар (қайталау)  
07.25 «әнім сен едің» ойын  
08.10 «джелаладдин»  
09.30 вечерние новости  
10.10 Т/с «тверская. любой ценой»  
12.10 Т/с «клан ювелиров»  
14.10 Т/с «кольцо с рубином»  
16.40 Т/с «дворняжка ляля»  
18.30 Т/с «однажды в чукурова»  
20.35 кешкі жаңалықтар  
21.00 вечерние новости  
21.40 Т/с «клан ювелиров»  
23.40 Т/с «тверская. любой ценой»  
01.40 Т/с  
03.10 «джелаладдин»  
04.10 кешкі жаңалықтар  
04.30 «ктк қоржыны»  
05.30 «әнім сен едің»

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.25 К/ф «Туысқанның үйіне бармаймын»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.45 Д/ф «Ұлттық парктер-ұлттық байлығымыз»  
12.00 «Келін BATTLE» /тікелей эфир/

## Жексенбі - Воскресенье, 26 сәуір

### ХАБАР

05.00, 23.00 Т/х «Фатмагүл»  
07.00 «Алғашқы»  
08.00 Концерт «Махаббат әлемі»  
10.00 М/ф «Команда котиков»  
11.30 М/с «Барбоскины»  
11.45 Х/ф«Супруги морган в бегах»  
13.45 Әмір өнегі  
15.00 «Азамат» ток-шоу  
15.30 «Қызық times»  
16.45 Т/х «Келінжан»  
19.00 «7-күн»  
19.40 Глобльные события  
20.00 «Қызық times»  
22.15 Х/ф«Ну что, приехали»

### ЕВРАЗИЯ

06.00 Х/ф«Тебе, ностальгическому»  
07.20 Асау жаңалықтар  
08.00 «Заң мен ел»  
08.25 Сериял «Нефритовая черепаха»  
12.20 Х/ф«Семейный портрет»  
14.00 Говорим о главном  
15.00 «Семейный портрет» продолжение  
17.45 Мой чужой ребенок  
20.00 «Аналитика»  
20.50 «Анықтаймыз»  
21.40 Х/ф«Приказа умирать не было»  
02.00 Сериял «Падение ордена»  
02.50 «П@утина»

## Жұма - Пятница, 24 сәуір

### ХАБАР

05.00, 01.00 Т/х «Фатмагүл»  
07.00 «Оян!»  
09.00 «Хақың бар»  
09.30 Мировые новости  
09.45 Әлем жаңалықтары  
10.00, 23.00 Т/х «Эшрефтің арманы»  
12.00 Т/х «Келінжан»  
13.00 «ОйнаQ»  
14.00 М/ф «Маленький вампир»  
15.25 М/ф «Команда котиков»  
17.00 Сериял «Мечта Эшфера»  
19.00 Новости  
19.30 Х/ф«Война токов»  
21.30 Жаңалықтар  
22.00 «Қоғам пікірі»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 04.15 «П@утина»  
07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!»  
08.30 «Доброе утро, Казахстан!»  
10.00 «Жить здорово»  
10.50 Модный приговор  
11.50 Давай поженимся  
12.50 Сериял «Забудь и вспомни»  
14.00 «Жаңалықтар»  
14.15 «Новости»  
14.30 «Qoslike»  
18.30, 03.00 «Басты Жаңалықтар»  
19.00, 03.00 «KOREMIZ-ШОУ»  
20.00 «Главные новости»  
20.30 Парламент Online  
20.55 Поле чудес  
22.10 Сериял «Продается дом с собакой»  
02.15 Сериял «Падение ордена»

### КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)  
07.25 Әнім сен едің  
08.10 Т/с «Джелаладдин»  
09.30 Вечерние новости  
10.10 Сериял «Тверская. Любой ценой»  
12.10 Сериял «Кан ювелиров»  
14.10 Сериял «Кольцо с рубином»  
16.10 Сериял «Дворняжка ляля»  
18.30 Сериял «Однажды в Чукурова»  
20.35 Кешкі жаңалықтар  
21.00 Вечерние новости  
21.40 Сериял «Хамелеон»  
01.30 Сериял «Дворняжка ляля»  
03.00 Т/с «Джелаладдин»  
04.00 Кешкі жаңалықтар (қайталау)  
04.20 КТК қоржыны  
05.20 Әнім сен едің

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар

### КТК

07.05 Махаббат әлемі  
08.50 Ө/ф «Қырсық ғашықтар»  
10.20 Сериял «Черный цветок»  
14.00 Сериял «Однажды в Чукурова»  
17.30 «Өндер мен жылдар»  
21.00 «Портрет недели»  
22.00 Реальная мистика  
01.30 Ө/ф «Қырсық ғашықтар»  
02.50 Өндер мен жылдар  
05.50 Әнім сен едің

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
09.00 «Апта» (қаз)

09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.25 К/ф «Үздіктер кітабы»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.40 Д/ф «АПК: от импорта к экспорту»  
12.00 «Әу» де  
12.40 «Әсем әуен»  
13.05 «19 регион»  
13.40 «DARA LINE»  
14.30 «Қарындас» (Талас фильм)  
15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир/  
15.20 «Шашу»  
16.00 Новости/прямой эфир  
16.20 К/ф «Лидер»  
17.00 «Бір шәугім шай»  
18.00 «Мақсатына жеткендер»  
18.30 «Әсем әуен»  
19.00 «Жетісу жақұты»  
19.35 «102» сообшцает  
20.00 «Әсем әуен»  
20.10 Д/ф «АӨК. Импорттан экспортқа»  
20.30 Қорытынды жаңалықтар  
21.00 Д/ф «Бауырластық»  
21.20 «Әсем әуен»  
21.30 Итоговые новости  
22.00 «Келін BATTLE»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 Әзіл студио  
06.30, 05.20 Ризамын  
07.00, 20.00 Информбюро  
08.00, 01.20 31- әзіл  
08.15 Streetxana  
09.00 М/с «Аватар. Легенда об Аанге»  
09.50 М/с «Губка боб»  
11.20 М/с «Пингвины мадагаскара»  
12.10 М/с «Кунг-фу Панда»  
13.00 Х/ф«Шаг к мечте: рази навсегда»  
15.30 Х/ф«Капитан Филлипс»  
18.10 Х/ф«Лысың нянька: Спецзадание»  
21.00 Х/ф«Призрачный гонщик»  
23.10 Х/ф«Все или ничего»  
02.40 «Time vine»  
03.00 «TikTok show»  
03.20, 05.00 «Whats up»  
04.20 «1001 Әзіл»  
04.30 «Bala Battle»

### 7 КАНАЛ

06.02 Т/х «Тойхана»  
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»  
09.00 Концерттік бағдарлама  
11.00, 20.00 Сериял «Ветреный»  
13.00 Жаңалықтар  
13.15 Новости  
13.30 Д/ф «Каспий: море награницы»  
14.10 Т/х «Әмірші әйел»  
15.30 «Үздік әзілдер»  
17.00, 18.30 Телесериял  
18.00 Жаңалықтар. Тікелей эфир  
19.30 Новости. Прямой эфир  
23.40 Әзілдің жарасса  
00.40, 05.00 Жаңалықтар  
01.10, 05.25 Новости  
01.40 Сериял «Қардайы. Бесценная правда»  
04.10 Гүл-Гүл

10.00 «Апта» (рус)  
11.00 «Шашу»  
11.45 Д/ф «Арнайы экономикалық аймақтар»  
12.00 «DARA LINE»  
12.45 «Әсем әуен»  
13.00 «Қылышсыз майдан»  
13.40 «Дала сыры»  
14.00 «Келін BATTLE»  
16.15 «Әсем әуен»  
16.45 Д/ф «СЭЗ в экономике Казахстана»  
17.00 «Шашу»  
17.40 «Агро аймақ»  
18.00 «Единьй народ»  
18.30 «Әсем әуен»  
19.00 «Өзекжарды»  
19.30 «Арнайы репортаж»  
20.00 «Бір шәугім шай»  
20.35 «Әсем әуен»  
21.00 «Угәгәй melody»  
22.00 «Әсем әуен»  
22.30 Д/ф «Бағбан»  
23.00 «Әсем әуен»

## Сенбі - Суббота, 25 сәуір

### ХАБАР

05.00, 00.00 Т/х «Фатмагүл»  
07.00 «Алғашқы»  
08.00 Концерт «3-елім»  
09.35 Медіт «Балам үшін»  
10.00М/ф «Маленький вампир»  
11.25 М/с «Барбоскины»  
12.00 Х/ф«Война токов»  
14.00 «XXI-ғасыр көшбасшылары»  
15.30 «Қызық times»  
16.45 Т/х «Келінжан»  
19.00 «7-күн»  
19.40 «Жұмыр жер»  
20.00 «Cover show»  
22.00 Х/ф«Супруги морган в бегах»

### ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.45 «П@утина»  
06.35 Х/ф«Тебе, ностальгическому»  
08.00 Главные новости  
08.30 Парламент online  
09.00 Х/ф«Городский пейзаж»  
10.45 Сериял «Продается дом с собакой»  
15.00 «qoslike»  
18.00 Фильм «Солай болып қалды»  
20.00 «Асау жаңалықтар»  
20.35 «Заң мен ел»  
21.00 Х/ф«Приказа умирать не было»  
01.20 Кино «Нулевой километр»  
02.55 Сериял «Падение ордена»

### КТК

07.05 Әнім сен едің  
08.00 Ө/ф «Естімедім көрмедім»  
09.30 Вечерние новости  
10.10 Сериял «Хамелеон»  
14.00 Сериял «Однажды в чукурова»  
18.20 «Махаббат әлемі»  
21.00 Сериял «Черный цветок»  
04.00 Ө/ф «Естімедім көрмедім»  
02.10 Махаббат әлемі  
04.30 Әнім сен едің

### ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»  
07.30 «Таңжарық»  
08.50 «Әсем әуен»  
09.00 Жаңалықтар  
09.30 Новости  
10.00 «Әсем әуен»  
10.25 К/ф «Үлкен отбасы»  
11.05 «Әсем әуен»  
11.45 Д/ф «Моя работа – часть меня»  
12.00 «Біздің толқын»  
12.50 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00, 05.00 Әзіл студио  
07.00, 01.00 «31- әзіл»  
07.30 «Тәтті шоу»  
08.00 М/с «Аватар. Легенда об Аанге»  
08.50 М/с «Губка Боб»  
09.20 «Готовим с Адель»  
10.00 TeleBingo  
10.30 Күліп all  
11.00 Саумал  
11.20, 03.00 TikTok show  
11.30 Х/ф«Человек Паук: Через вселенные»  
13.40 Х/ф«Питомец юрского периода: Возвращение домой»  
15.20 Х/ф«Хроники Нарнии: Принц каспиан»  
18.10 Х/ф«Тор-2: Царство тьмы»  
20.20 Х/ф«12 лет рабства»  
23.00 Х/ф«Все или ничего»  
01.20 «Bizdin show»  
03.30 «Time vine»  
03.50 «1001 Әзіл»

13.00 «Мақсатына жеткендер»  
13.35 «Әсем әуен»  
14.00 «Жетісу жақұты»  
14.35 «102» сообшцает  
15.00 «Аман болайық»  
15.40 «Әсем әуен»  
16.45 Д/ф «Менің мамандығым»  
17.00 «Шашу»  
17.40 «Ауылдан адам көшкенмен...»  
18.00 «Абадан»  
18.20 «Әсем әуен»  
19.00 «Қылышсыз майдан»  
19.40 «Әсем әуен»  
20.00 «Дала сыры»  
20.15 «Әсем әуен»  
20.30 «Апта»  
21.30 «Апта»  
22.30 Д/ф «Fake You»  
23.00 «Әсем әуен»

### 31 КАНАЛ

06.00, 04.00 Әзіл студио  
07.00 «Күліп All»  
07.30 «Тәтті шоу»  
08.20 М/с «Аватар. Легенда об Аанге»  
09.10 М/с «Кунг-фу Панда»  
10.00 «Готовим с Адель»  
10.40, 11.20 Алдараспан  
11.00 Саумал  
12.30 Х/ф«Брат или Брак-3»  
14.30 Х/ф«Человек Паук: Через вселенные»  
16.40 Х/ф«Питомец юрского периода: Возвращение домой»  
18.20 Х/ф«Хроники Нарнии: Принц каспиан»  
21.10 Х/ф«Тор-2: Царство тьмы»  
23.20 Х/ф«Хитмэн»  
01.20 «Bizdin show»  
03.30 «Тамаша Live»  
05.00 «1001 Әзіл»  
05.10 «Bala Battle»  
05.30 Whats up

### 7 КАНАЛ

06.02 Әзілдің жарасса  
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»  
08.40, 20.00 Сериял «Ветреный»  
10.40 Х/ф «Стюардесса»  
12.50 Жарқыраған жұлдыз  
13.50 Шымкент шоу  
15.30 Х/ф«Рэкетир-2»  
18.00 Телесериял  
23.20 Х/ф«Самоотверженная любовь»  
02.30 Гүл-гүл шоу  
03.20 Әйгерім Сейфолланың сырласуы  
04.00 Жұлдызды шаңырақта  
04.30 Қызықты weekend  
05.00 Япырай

04.00 «Bala Battle»  
04.30 Whats up  
05.30 Ризамын

### 7 КАНАЛ

06.02 Жарқыраған жұлдыз  
07.00, 22.00 Т/х «Үзілген жапырақтар»  
08.40, 20.00 Сериял «Ветреный»  
10.40 Шымкент шоу  
13.10 Рэкетир-2  
15.40 Рэкетир. Новые времена  
18.00 Телесериял  
23.20 Х/ф«Самая обаятельная и привлекательная»  
01.30 Әйгерім Сейфолланың сырласуы  
02.20 Гүл-гүл шоу  
03.10 Жұлдызды шаңырақта  
04.10 Қызықты weekend  
05.00 Япырай

# ТҮҮІНІ ТАРҚАМАҒАН ТАҚЫРЫП

Гүлнұр БАЙМҰХАН

«Алатау»

**Ене мен келін мәселесі - бұрыннан өзектілігін жоғалтпаған тақырыптардың бірі. Жақында осыған қатысты бір мәселе ғаламтор желісінде қызу талқыға түсті. Көзқарас келіннің табысы кімге тиесілі екені төңірегінде өрбіді.**

Қазір әлеуметтік желі мен күнделікті өңімізде де ашық айтылып жүрген бұл мәселе айнала-сында сан түрлі пікір бар. Үлкендер «ортақ қазан болған соң, ақша да ортақ жерде болу керек» десе, жас арулар «әркім өз табысының иесі» деп есептейді. Бірақ байыппен қарап көрсен, бүгінгі жағдайда келіннің өз ақшасын өзі жұмсауы әлдеқайда орынды сияқты.

Иә, бұрын келін түскен үйінде жалақысын енесіне ұстататыны қалыпты нәрсе еді. Үлкеннің алды кеспеген ұлтымыз «үлкен кісі

біледі», «үйде береке болсын десең, табыс бір қолға қарауы керек» деген түсінікте болды. Қазір де сол көзқарасты ұстанатындар бар екен. Мысалы, осы тақырып аясында мен әңгімелескен жасы үлкен әйел табысы: «Келін бір жақтан, ене бір жақтан, ұл бір жақтан ұстаса береке болмайды. Қазан ортақ болған соң ақша да ортақ, бір адам ұстаған дұрыс», — дейді.

Бірақ бәрі бірдей бұлай ойлайды деп көпке топырақ шашпаймыз. Керісінше, соңғы кезде «жас отбасы өз тірлігін өзі жүргізуі керек» дейтін ежелдер көбейген. Тағы бір ана: «Балам мен келімің өз ақшасын өздері ұстайды. Өздері табады, өздері жұмсайды. Араласпаймын. Сол дұрыс, ақшаның қадірін солай біледі» — дейді.

Шынын айту керек, заманына қарай адамды деген түсінік бар ғой. Бүгінде келін бұрынғыдай тек үйде отыратын жан емес. Таңнан кешке дейін жұмыс істейді, кейде ер азаматпен бірдей, не көп табыс табады. Осындай жағдайда айлығын түгелдей өзге жанға беріп қою

қисынға келе бермейді. Бұл жерде мәселе «бергісі келмейді» дегенде емес, «еңбегінің жемісін өзі көргісі келеді» дегенде. Үйге керек-жарақты келін өзі де ала алады.

Бірі ашық айтып: «Келіннің тапқан ақшасы — өзінің жеке мүлкі. Оны ешкімге беруге міндетті емес. Исламда әйелдің табысы — өзіне тиесілі. Енесіне де, күйеуіне де міндетті түрде беру керек деген заң жоқ. Берем, бермеймін десе — өз еркімен».

«Айлық алу үшін қанша жыл оқыдық, еңбек еттік. Енді соны түгелдей біреуге беру керек пе?», — деген сөзінде де мағына бар.

Ал аналардың арасында: «Қызымды барған жерінде алақан жаймасын деп оқыттым. Өз еңбегін өзі жұмсасын» — деген көзқарасын айтқандар да бар.

Осы пікірлердің бәрін жинақтап қарасаң, қоғам өзгеріп жатқаны анық байқалады. Бұрын «міндет» болған нәрсе қазір әркімнің үйінде көрген тәрбиесіне қарай «таңдауға» айналды. Бұл жаман емес, керісінше, әр отбасының өзіне ыңғайлы жол табу-

ына мүмкіндік береді деп қарастыра береміз.

Тағы бір маңызды нәрсе бұл жерде ешкім ешкімге күштеп талап қоймауы керек. Егер келін өз еркімен көмектесе — ол бір басқа әңгіме. Ал міндет ретінде қаралса, ол ертең ренішке ұласуы мүмкін. Ақшаға байланысты дау көбіне дәл осы «міндет» деген сөзден басталады ғой.

Негізі, мәселені ушықтырып тұрғаны да осы түсініктің әртүрлілігі. Үлкен буын бір жүйемен өсті. «Менің енем бұрын табысымызды ұстайтын, менде солай жасаймын» дегенді айтып, өзіне істегенді өзгеге көрсету керек деп ойлайды-ау. Жастар басқа жағдайда қалыптасты. Бірақ бәрібір ортақ шешімге келу керек. Мүмкін осы тақырып та қазір ажырасудың көп болғанына өз әсерін тигізіп жатқан болар.

Айта берсек таусылмайтын пікірлерді қорытындылар болсақ, әркім өз табысын өзі басқарғаны ең дұрыс шешім. Бұл біреуге қарсы шығу емес. Өйткені адам өзі тапқан ақшаны өзі жұмсаса ғана жауапкершілікті сезінеді, жос-



пар құрады, ертең ойлайды. Ал бөліскісі келсе — ол оның өз еркі.

Отбасы деген тек ақшаға тіреліп қалмауы керек. Қарым-қатынас дұрыс болса, көмектесу де, бөлісу де өздігінен келеді. Сондықтан келіннің ақшасын кім ұстауы керек деген сұраққа «әр отбасының ішкі келісіміне қарай» деген бір ғана жауап бар.

## ЖЕТІСУДЫ ӘУЕЗГЕ БӨЛЕГЕН ӘН КЕШІ



Талдықорғандағы Гүлнұр Баймұхан атындағы мэдениет сарайында әнші, белгілі композитор Аман Қалиасқарұлының «Атамекен» атты арнайы ән кеші өтті.

қарымды қаламгер Нұрхан Сәменбетов қашанда өнер әлемінде еш шет-шекпара болмайтынын атап өтіп, ұлан-ғайыр қазақ даласының түкпір-түкпірінен жиналған өнер иелері мен тыңдарман қауымға шырайлы Шымкент жұртының ізгі тілегін жеткізді.

Ал танымал әнші, салиқалы сазгер Ерболат Қызкентұлы Аман Қалиасқарұлының өнерін жоғары бағалап, кеште орындалған әр әннің жұрт жүрегінен терең орын алар туынды екенін айрықша атап өтті. Осыдан соң «Орамал тон болмайды, жол болады» дегендей, кеш иесінің жерлестері сахна төріне шығып, өз алғысын білдіріп, Аман Қалиасқарұлының иығына шапан жауып, ат мінгізіп, сый-құрмет көрсетті.

Әнші, сазгер Аман Қалиасқарұлы 1976 жылдың 9 шілдесінде тарлан Тарбағатайдың күнгей бетінде дүниеге келген. «Ел іші — өнер кеніші» деген. Ол арнайы жоғары оқу орындарынан музыкалық білім алмаса да, өзінің ізгі ізденісі мен тас жарған талантының арқасында көптің таңлайын қақтырып, таңдандыруда. Бүгінде дейін оның небір танымал ақындардың сөзіне жазылған 40-тан астам әсем әні жарық көріп, бірқатары түрлі байқауларда топ жарып, жүлде алған. Қазір еліміздің әр аймағындағы өрелі өнер иелері Аман Қалиасқарұлының әндерін киелі сахналарда орындап, тыңдарман қауымның құлақ құрышын қандыруда.

Айдын КӨЛІМХАН,  
Талдықорған қаласы

## «БІЛІМ – ӨМІР ШЫРАҒЫ!»

Жас мұраты, білім, тәлім — талабы...  
Өнер, оқу — жастықтың қару жарағы.

Илияс Жансүгіров.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің колледжі — бұл инновациялық үлгідегі колледж. Оның миссиясы — креативті және кәсіпкерлік ойлауы, іргелі білімі бар, еңбек нәтижесі таптарына сай жас көшбасшылар буының қалыптастыру арқылы өңірдің және елдің адами капиталын дамытуға жағдай жасау.

«ZHANSUGUROV COLLEGE» техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламасы бойынша негізгі (9-сынып) және орта (11-сынып) білім базасында білім беру қызметін іске асырады. Колледж студенттері үшін ғылым докторлары, ғылым кандидаттары және жоғары санаттағы оқытушылар мен магистрлер мен докторанттар дәріс береді. Білім берудің көп деңгейлі моделі колледж білімгерлеріне университеттің заманауи оқу-зертханалық, ғылыми, ақпараттық — коммуникативтік базасында жұмысшы мамандығын, орта буын маманы біліктілігін және қолданбалы бакалавриат дәрежесін алуға мүмкіндік береді.

І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің колледжіне білім алушыларды қабылдау мемлекеттік гранттар және ақылы негізде Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысымен бекітілген қабылдаудың үлгі ережесі негізінде жүзеге асырылады. Университет жанындағы колледжде оқу-бұл жоғары (бакалавриат) және жоғары оқу орнынан кейінгі (магистратура, докторантура - PHD) бағдарламалар бойынша ТЖКБ мен ЖОО-ның сәйкестендірілген білім беру бағдарламалары негізінде білімді жалғастырудың бірден — бір мүмкіндігі.

Болашақ мамандарға сапалы білім алуға жағдай туғызу мақсатында колледждің материалдық-техникалық базасы үнемі жетілдірілуде. Білімді ақпараттандыру бүгінгі таңда білім беру жүйесін жаңартудың негізгі жолдарының бірі ретінде қарастырылады. Оқу кабинеттері жаңа технологиялық, ақпараттық құралдармен жабдықталған. Колледжде арнаулы кабинеттер, зертханалар мен лабораториялар, әр мамандықтың қажетіне сай бөлінген компьютер және интернет кластары, интерактивті тақтамен жабдықталған оқу және мультимедиа кабинеттері, интернетке

қосылуға мүмкіндік беретін wi-fi нүктелерімен кеңінен пайдаланылуда. Сонымен қатар оқу ғимаратында заманауи LED экрандар орнатылған. Аталмыш құрылғылар тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудың тиімділігін арттыруда.

Колледж қабырғасында білім алып жүрген бүгінгі студент — ертеңгі жас маман. Жас ұрпақты жан-жақты, терең білімді, интеллектуалдық деңгейі жоғары, ойы мен санасы, сөзі бір кемел адамды тәрбиелеу-жас мамандардың қолында. Сондықтан заманауи талаптарға жауап бере алатын, білімді де білікті маман даярлау — біздің басты мақсатымыз болып табылады.

Осыған байланысты, барша білімге, өнерге, инновацияға құштар жастарды «Zhansugurov College» оқуға шақырады.

Сапалы білім — перспективті жұмыспен қамтылудың кепілі!

«Zhansugurov College» мамандықтары:

1. Мамандығы: 01120100 Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту  
Біліктілігі: 4S01120102 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының тәрбиешісі

2. Мамандығы: 01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі  
Біліктілігі: 4S01140101 Бастауыш білім беру мұғалімі

3. Мамандығы: 01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі  
Біліктілігі: 4S01140602 Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі

Біліктілігі: 4S01140605 Шетел тілі мұғалімі  
4. Мамандығы: 04210100 Құқықтану  
Біліктілігі: 4S04210101 Заңгер

5. Мамандығы: 01140700 Информатика  
Біліктілігі: 4S01140701 Бастауыш және негізгі орта білім берудің информатика мұғалімі

Оқу және ауысуға қатысты сұрақтар бойынша ақпаратты төмендегі мекенжай мен телефондар арқылы алуға болады.

Мекен жайы: Талдықорған қаласы Қабанбай батыр 27.  
Тел: 87751077544, 87066064330, 87715800621.

Колледж таңдауда үздігін таңда!

А.И.КАРАСАЕВА,  
«Zhansugurov College»-нің оқытушысы

## ӘЛЕМ КЕРЕМЕТІНЕН

Алиса ЕСЕНБЕКОВА,  
ЖУ студенті


Жайма шуақ күндер басталысымен жұмыстан қысқа мерзімді демалыс алып, шетел асып, тарихи мекендерді аралауды жоспарлайтындар көбейеді. Әлемнің әр түкпіріндегі адам қолымен жасалған таңғажайып туындыларды көру — туристер үшін тек демалыс емес, таным көзін кеңейту. Өткен нөмірімізде Төж-Махал туралы сөз қозғаған едік. Бұл жолы да оқырман назарына Иордания мемлекетіндегі ерекше қала — Петра жайлы деректерді ұсынамыз.

Адамзат өркениетінің ең ғажайып жетістіктерінің бірі саналатын Петра тек сәулетімен ғана емес, ғасырлар бойы шешілмей келе жатқан құпияларымен де ерекшеленеді. Ғалымдардың пайымынша, бұл қала шамамен б.з.д. IV ғасырда Набатей патшалығының астанасы ретінде қалыптасқан деген деректер бар.

## ЖАРТАСТА ҚАШАЛҒАН ЖҰМБАҚ ҚАЛА

Шөлейт аймақта тіршілік еткен набатейліктердің инженерлік қабілеті таңдандырмай қоймайды. Олар алып жартастарды қашап, тұрғын үйлер мен ғибадатханаларды тастың өзінен ойып жасағаны мүмкін емес деп ойлайсың. Мұндай құрылыс тәсілі, ең алдымен, қауіпсіздік мақсатында қолданылған көрінеді. Жартастармен қоршалған қала жаудан жасырынуға қолайлы болған. Сонымен қатар, Петра маңызы сауда жолдарының торабында орналасып, өз дәуірінде ірі экономикалық орталыққа айналған.

Қаланың тағы бір ерекшелігі оның қызғылт түсті тастары. Осыған байланысты ол «қызғылт қала» деген атауға да ие болған. Мұндағы ең танымал нысан — Өл-Хазне, яғни «Қазына» ғимараты. Биіктігі шамамен 39 метрге жететін бұл сәулет туындысының нақты қандай мақсатта салынғаны әлі күнге дейін белгісіз. Бір деректерде ол патшалардың мазары делінсе, енді бірінде қазына сақтайтын орын болғаны айтылады.



Бірақ маған қызығы ол жерде ағаштар да өспейтін көрінеді. Сонда қазіргідей кран жоқ болған ежелгі уақытта жартастан қала қашау үшін құрылысты жасағандар биіктікке қалай көтерілді екен?

XVI ғасырдан бастап Петра бірте-бірте ұмыт қалып, екі ғасырдан астам уақыт бойы адамзат назарынан тыс қалған. Тек 1812 жылы швейцариялық сахатшы Иоганн Людвиг Буркхардт көне қаланы қайта ашып, әлемге таныстырды. Айта

көтерілігі, ол бұл мақсатқа жету үшін жергілікті халықтың сеніміне кіру жолында ислам дінін қабылдауға мәжбүр болған. Осылайша, құм мен жартастар арасында жасырынған көне шаһар қайтадан тарих сахнасына оралды.

Қаланың нақты қашан салынғаны белгісіз, оның біздің дәуірімізге дейін өмір сүргені анық. Кейбір деректерге сүйенсек, гүлденген кезеңінде мұнда шамамен 20 мыңға жуық адам тұрған. Бұл Петраның сол уақыттағы ірі мәдени әрі сауда орталығы болғанын аңғартады.

Петра тек тарихшыларды ғана емес, кино индустриясын да қызықтырған. Мұнда «Синдбад и глаз тигра», «Индиана Джонс и последний крестовый поход» және «Трансформеры: Месть падших» сияқты танымал фильмдер түсірілген. Әсіресе, «Индиана Джонс» фильмі жарық көргеннен кейін аталған аймаққа

туристердің ағымы күрт артқан екен.

Бүгінде Петра — ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген және әлемнің жаңа жеті кереметінің бірі ретінде танылған бірегей тарихи орын. Қазіргі таңда бұл жерге жыл сайын 500 мыңнан астам турист келеді. Олар тар шатқалдармен жүріп өтіп, кенеттен көз алдарында пайда болатын алып жартасты ғимараттарды көріп, ерекше әсер алады.

Петра тек тарихи нысан ғана емес, нағыз шытырманға толы сапар мекені. Таңғы уақытта күн сәулесі қызғылт тастарды ерекше түске бояса, кешкісін шам жарығымен өтетін экскурсиялар бұл жердің тылсым атмосферасын күшейте түседі деседі.

Табиғат пен адамзат шеберлігінің үйлесімінен туған Петра қаласы әлі күнге дейін өз құпиясын толық ашпаған жұмбақ қала. Мүмкін, дәл осы құпиясы оны әлемдегі ең қызықты туристік бағыттардың біріне айналдырып отырған шығар.

## ТУРИЗМ

**ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ БӘРІМІЗ АСЫҒЫС ӨМІР СҮРІП ЖАТҚАНДАЙМЫЗ. БІРІМІЗ ТАҢМЕН ТАЛАСА ОҚУҒА, ЕНДІ БІРІМІЗ ЖҰМЫСҚА АСЫҒАМЫЗ. КЕЙДЕ КЕШКЕ ДЕЙІН ШАРШАП, ӨЗІМІЗГЕ КӨҢІЛ БӨЛУГЕ ДЕ УАҚЫТ ТАППАЙ ҚАЛАМЫЗ. АЛАЙДА КҮНДЕЛІКТІ КҮЙБЕҢ ТІРШІЛІКТЕН ҚАНША ШАРШАСАҚ ТА, КӨҢІЛ ТҮБІНДЕ БІР ӘСЕМ ЖЕРГЕ БАРЫП ДЕМАЛУДЫ ҚАЛАЙМЫЗ. ОСЫНДАЙ СӘТТЕРДЕ ЖЕТІСУ ӨҢІРІНІҢ КӨРКЕМ ТАБИҒАТЫ МАҒАН ЕРЕКШЕ ТЫНЫШТЫҚ СЫЙЛАЙДЫ.**

## ЖЕТІСУ – ЖАНҒА ЖАЙЛЫ МЕКЕН

Жетісу дегенде көз алдыма ең алдымен табиғаттың ғажайып көріністері келеді. Биік таулар, жасыл белдер, сыңғырлап аққан өзендер – мұның бәрі жанды тынықтырып, ойды сергітеді. Таңертеңгі таза ауа мен айналадағы тыныштық адамға ерекше әсер береді. Кейде ештеңе ойламай, тек табиғатты тамашалаудың өзі үлкен бақыт сияқты көрінеді.

Бұл өңір тек табиғатымен ғана емес, терең тарихымен де ерекшеленеді. Өрбір тасы мен жотасы өткеннің сырын ішіне бүккендей. Ежелден түрлі халықтар мекендеген бұл жер талай тарихи оқиғалардың куәсі болған. Осындай орындарға барғанда, бір сәтке уақыт тоқтап, өткен дәуірге саяхат жасап қайтқандай әсер аласың.

Соңғы жылдары Жетісуға саяхаттайтын адамдар саны айтарлықтай арты. Оның себебі де түсінікті. Бірі Алакөлге барып демалғысы келсе, енді бірі Алтынемелдегі Айғайқұмды көруге асығады. Таудың таза ауасын жұтып, табиғатпен етене жақын болуды қалайтындар да көп. Әсіресе жаз мезгілінде өңірдің тіршілігі ерекше жандана түседі. Дегенмен, қыстың да өзіне тән әсемдігі бар.

Жетісудың әр ауданында көрікті табиғи және тарихи орындар жеткілікті. Бір жерде сарқырама ақса, басқа бір жерде көне тас суреттер кездеседі, ал енді бір аймақта шипалы бұлақтар бар. Мысалы, Ақсу өңірінің табиғаты адамды таңғалдырса, Жаркент қаласы тарихи орындарымен ойға жетелейді.

Бұл өңірдің тағы бір ерекше тұсы – оның адамдары. Жетісу тұрғындары қарапайым, кең пейілді, табиғилығымен ерекшеленеді. Мұндағы тыныштық пен таза ауа жанға жайлы әсер қалдырады.

Қорыта айтқанда, студенттік кезеңде адам көп нәрсеге жаңаша қарай бастайды. Бұрын тек көріп жүрген туған жердің қадірін енді тереңірек түсіне бастайсың. Жетісу да жыл өткен сайын жаңа қырынан ашылып, өз тұрғындары мен қонақтарын таңғалдырып келеді.

Қазіргі таңда өңірде көптеген оң өзгерістер орын алуда. Жаңа жолдар салынып, демалыс орындары көбейіп жатыр. Бұл – Жетісудың көркемдігін көпшілікке танытуға үлкен мүмкіндік боларына сеніммен қараймын.

Аружан ТҰРСЫНХАНҚЫЗЫ,  
Жетісу университеті, Филология мамандығының студенті

## ЗАКОН

## СУДЕБНО-МЕДИЦИНСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРИ АВТОДОРОЖНОЙ ТРАВМЕ

**СУДЕБНО-МЕДИЦИНСКАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРИ АВТОДОРОЖНОЙ ТРАВМЕ ЗАНИМАЕТ ВАЖНОЕ МЕСТО В РАССЛЕДОВАНИИ ДОРОЖНО-ТРАНСПОРТНЫХ ПРОИСШЕСТВИЙ, ПОСКОЛЬКУ ПОЗВОЛЯЕТ УСТАНОВИТЬ ХАРАКТЕР ПОВРЕЖДЕНИЙ, МЕХАНИЗМ ИХ ВОЗНИКНОВЕНИЯ, СТЕПЕНЬ ВРЕДА ЗДОРОВЬЮ И ПРИЧИНЫ СМЕРТИ ПОСТРАДАВШИХ.**

Автодорожная травма представляет собой совокупность повреждений, возникающих при воздействии движущегося транспортного средства на человека, а также при столкновении внутри автомобиля или выпадении из него. Основными задачами судебно-медицинской экспертизы являются определение локализации и характера повреждений, установление механизма травмы, последовательности их возникновения, степени тяжести вреда здоровью, а при летальном исходе — причины смерти. Кроме того, эксперт решает вопрос о положении пострадавшего в момент травмы (пешеход, водитель или пассажир), а также выявляет признаки алкогольного или наркотического опьянения.

В зависимости от условий происшествия выделяют несколько видов автодорожной травмы: травма пешехода при наезде автомобиля, травма водителя и пассажиров, возникающая при столкновении с внутренними частями транспортного средства, травма при выпадении из автомобиля и травма при переезде колесами. Каждая из этих разновидностей имеет свои морфологические особенности. Так, при наезде на пешехода часто наблюдается первичный удар по нижним конечностям с последующим ударом тела о капот и лобовое стекло, а затем падение на дорожное покрытие.

При травме внутри автомобиля характерны повреждения грудной клетки от руля, головы — о стекло, а также следы воздействия ремней безопасности. При переезде колесами отмечаются тяжелые разрозненные повреждения мягких тканей и костей, нередко с отпечатками протектора шин. Механизм образования повреждений определяется с учетом направления и силы удара, скорости движения транспортного средства, особенностей его конструкции и положения тела пострадавшего. Повреждения могут быть контактными, возникающими непосредственно в месте удара, и вторичными — при падении или перемещении тела. Важное значение имеет выявление специфических признаков автотравмы: ссадин, кровоподтеков, переломов длинных трубчатых костей, черепно-мозговых травм, разрывов внутренних органов, а также следов от деталей автомобиля или шин.

Таким образом, судебно-медицинская экспертиза при автодорожной травме представляет собой комплексное исследование, направленное на объективное установление обстоятельств происшествия.

С.С.САЛИМХАНОВА,  
Судебно-медицинский эксперт  
общезащитного отдела ИСЭ  
по области Жетісу

## АЙТЫС

## ТІЛ ҚҰДІРЕТІ - СӨЗ ӨНЕРІ

**БҰЛ ДӘУІРДЕ ӨЗ ТІЛІН, ӨДЕБИЕТІН БІЛМЕГЕН, ҚАДІРЛЕМЕГЕН АДАМ ТОЛЫҚ МӘНДІ ИНТЕЛЛИГЕНТ ЕМЕС ДЕУГЕ ДЕ БОЛАДЫ. СЕБЕБІ, ОЛ ҚАНДАЙЛЫҚ МАМАНДЫҚ БІЛІМІ БОЛСА ДА, РУХАНИ ОЙ ТӘРБИЕСІНДЕ СЫҢАРЖАҚ АЗАМАТ БОЛАДЫ. / МҰХТАР ӨУЕЗОВ/**

Қазақ халқының рухани қазынасындағы ең шоқтығы биік өнердің бірі - айтыс. Айтыс - ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы, синкреттік жанр, ол тұрмыс-салт жырларынан бастау алып, келе ақындар айтысына ұласқан.

Айтыс - сөз барымтасы. Айтыс тіл мәдениетін қалыптастырудың таптырмас құралы. Айтыс ақындық тәрбие мектебі болғандықтан ұйқас, бунақ, шумақ сияқты өлең құрылысының ережелерін меңгере отырып, сөздік қорын байытады, ойды дәл, әрі көркем жеткізуге үйретеді. Бұл қазақ тілінің сұлулығын сезінуге, оны құрметтеуге баулиды. Айтыс суырыпсалмалық қабілетті дамытады. Лездей ойлап, жауап қайтару-үлкен тапқырлық пен алғырлықты талап етеді, өмірдегі кез келген тосын жағдайда жылдам әрі сауатты жауап беруіне, сын тұрғысынан ойлау қабілетінің артуына негіз болады.

Айтыс шешендікті шыңдайды. Ақынның сахнадағы тұрысы, дауыс ырғағы, дене қимылы, сөз саптауы бәрі де тыңдарманды баурап алуға бағытталады. Айтыстың негізгі салмағы да, түйіні де өмір шындығы. Айтыста ел басқарып отырған басшылардың кемшіліктері, сондай-ақ өмірдегі келеңсіздіктер ашық айтылады. Айтыс бүгінгі күнге дейін жетіп тәрбиелік мәнін жоғалтпаған жыр жарысы.

Л.Р. ЖАПАШЕВА,  
Жетісу облысы Талдықорған қаласының мамандандырылған  
тергеу сотының бас маманы

## ТЕАТР

## ӨНЕР МЕН ӨМІР ТОҒЫСҚАН ТЕАТР

**Қазіргі қарбалас өмірде адам өз-өзіне үңіліп, рухани тынығуға уақыт таба бермейді. Осындай сәтте жанды байытып, ойды сергітетін орындардың бірі – театр. Театр – тек сахналық қойылым көрсететін мекеме емес, ол адамды тәрбиелейтін, ойландыратын, рухани жаңғыртатын ерекше орта.**

Театрға келген көрермен кейіпкерлер тағдыры арқылы өзін тануға қадам жасайды. Өр қойылым адам жанына әсер етіп, өмірге деген көзқарасын өзгертеді. Сахнадағы оқиға арқылы көрермен қуанады, мұңаяды, толғанады. Осылайша ішкі жан дүниесі тазарып, рухани тыныштық табады.

Сонымен қатар театр – мәдениетті қалыптастыратын үлкен мектеп. Мұнда сөз саптау, сөйлеу мәдениеті, мінез-құлық, адамгершілік құндылықтар айқын көрініс табады. Көрермен сахнадан тек әсер алып қана қоймай, өмірге қажетті өнеге де жинайды. Бір жағынан, спектакль көру – кітап оқумен тең. Қысқа уақыт ішінде тұтас бір тағдырды, үлкен бір шығарманы көзбен көріп, жүректен сезінуге мүмкіндік береді.

Театрдың тағы бір ерекшелігі – адамдарды жақындастыруы. Қойылым барысында және үзіліс кезінде көрермендер өзара пікір алмасып, ой бөліседі. Бұл да рухани байланысты арттырып, ортақ мәдени ортаның қалыптасуына ықпал етеді.

Осындай өнер ордаларының бірі - Талдықорғандағы Бикен Римова атындағы академиялық драма театры. Бұл театр Жетісу өңірінің мәдени өмірінде ерекше орын алады. Оның тарихы 1975 жылдан бастау алады. Алғашқы қойылым ретінде Қозы Көрпеш-Баян сұлу сахналанып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленген еді.

Бүгінде театр репертуары сан алуан. Классикалық туындылармен қатар заманауи шығармалар да сахнала-

нып келеді. Көрермендер «Жәмилә», «Қара шекпен», «Сюрприз» сияқты қойылымдарды қызыға тамашалап жүр. Өр спектакль өмірмен астасып, көрерменге терең ой салатынына өз көзімізбен куә болып та жүрміз.

Театр ұжымы әр қойылымды үлкен дайындықпен, шығармашылық ізденіспен сахналайды. Өртістердің кәсіби шеберлігі, сахна мәдениеті мен көркемдік талғамы – театр беделінің негізі. Олар әр образды жүректен сезініп, көрерменге шынайы эмоция жеткізуге тырысатынын біз де сахнаға қарап отырып, сезінеміз.

Бүгінгі таңда театр тек өнер көрсету орны ғана емес, сонымен қатар жас таланттарды тәрбиелейтін, ұлттық мәдениетті насихаттайтын маңызды орталыққа айналып отыр. Мұнда ұрпаққа тарих, дәстүр, ұлттық құндылықтар сахна тілі арқылы жеткізіледі.

Қорыта айтқанда, Бикен Римова атындағы драма театры – қазақ руханиятының айнасы. Оның бүгінгі тынысы – үздіксіз ізденіс пен жаңашылдықтың, ұлттық дәстүр мен заманауи үрдістің үйлесімі. Театр көрермен мен қоғамды байланыстыратын алтын көпір. Сондықтан рухани байлықты іздеген әр адам үшін бір рет болса да театрға келу міндет деп айтар едім.

Аружан ТҰРСЫНХАНҚЫЗЫ,  
Жетісу университеті, Филология мамандығының студенті

АСЫЛ МҰРА

# ӘРБІР ТІЛ ӨЗ ХАЛҚЫНА ҰЛЫ

Еліміздің мемлекеттік тілі – бұл ұлттық бірліктің негізі. Ол түрлі ұлт өкілдерін біріктіретін, елдің тұтастығын қамтамасыз ететін құрал. Тілді меңгеру арқылы ұрпақ елін, жерін сүйетін, отанын қорғайтын азамат болып өседі. Ертеде ата-бабаларымыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Соның ішінде ең бастысы – туған тілін ана сүтімен бойға дарытқан. Бала ес біле бастағаннан-ақ оған салт-дәстүрлерді ана тілінде өрілген өлең-жырлар мен орындап, жас сәби бойына ана тілінің қасиеті мен құндылығын үлгі еткен. Сол үшін бүгінгі ұрпақ тәрбиесінің болашағымыз үшін әсері зор екендігін ұмытпағанымыз жөн. Қазақ тілі – халымыздың ұлттық болмысының көрінісі. Ол арқылы ұлттың дүниетанымы,

өмір сүру салты, мінез-құлқы, салт дәстүрі көрініс табады. Мәселен, қазақ тіліндегі «қонақжайлық, сыйластық, үлкенге құрмет, кішіге ізет» сияқты ұғымдар халқымыздың менталитетін көрсетеді. Тілді меңгеру арқылы бала осы құндылықтарды түсініп ұлттық болмысын қалыптастырады. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілдің заңдық тұғыры, оның рөлі мен бүгінгі таңдағы бағыт-бағдары баршаға белгілі. Алайда, қазақ тілін қолдану өз керекті жоғары деңгейінде деп айту қиын. Сондықтан мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру — күні бүгін де өзекті мәселелерінің бірі болып табылуда. «... Халықтың мәңгі ғұмыры-оның тілінде. Әрбір тіл өз халқына ұлы» - деген екен Қырғыздың атақты жа-

зушысы Шыңғыс Айтматов. Расында да, қай мемлекет болмасын, оның ең әуелі ұлықтайтын тілі – мемлекеттік тілі. Тіл – әлемдік қоғамдастықтағы мемлекеттердің басты белгілерінің бірі әрі ұлт руханиятының алтын қазығы. Сондықтан, мемлекеттік тілдің дамуын жан-жақты қолдау баршамыздың абыройлы міндетіміз деп түсінген абзал. Сот ісін жүргізу тілі сотқа талап арыз (арыз) берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Азаматтық іс бойынша іс жүргізу бастапқы белгіленген сот ісін жүргізу тілінде жүзеге асырылады. Екі тараптың тілбаша етініші бойынша істі сот талқылауына дайындау сатысында сот ісін жүргізу тілін ұйғарыммен өзгертуге

құқылы. Сот төрелігін атқаруда мемлекеттік тілде қаралатын істер санын арттыра түсу тек құқықтық міндет қана емес, сонымен бірге қоғам алдындағы жауапкершілік болып табылады. Азаматтардың мемлекеттік тілде еркін сөйлеуі мен өз құқығын қорғауы ұлттық бірлікті нығайтып, сот билігінің беделін арттырады. Осыған орай сот жүйесінің қызметкерлері мен судьялардың кәсіби біліктілігімен қатар, мемлекеттік тілді жетік меңгеруі – әділдікті қамтамасыз етудің негізгі шарты болып саналады.

**Айнұр СЕЙІЛХАНОВА,**  
**Талдықорған қалалық сотының бас маманы.**

МАМАҢ МІНБЕРІ

## ҚАБЫЛДАЙТЫН ШЕШІМДЕР ҚАУЛЫЛАРМЕН РЕСІМДЕЛЕДІ

Сот ісін жүргізудің аяқтау сатысы сот актілерін орындау болып табылады, сондықтан олардың мүлтіксіз орындалуын қамтамасыз ететін шаралар қабылдануы қажет. Осыған байланысты мемлекеттік сот орындалуымен қатар жеке сот орындаушыларының институтын енгізу-сот ісін жүргізудің тиімділігін арттырудың маңызды шарасы болып табылады. Жеке сот орындаушысы — уәкілетті орган берген атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі қызметпен айналысады және сот шешіміне сәйкес атқарушылық құжатқа сәйкес қана әрекет етеді. Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010

жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңының 7-бабында атқарушылық іс жүргізуді жүзеге асыратын тұлғалар жайлы атап көрсетілген. Осы баптың талаптарына сәйкес осы Заңның 9-бабында тізбеленген атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану сот орындаушыларына жүктеледі. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда атқарушылық құжаттарды орындау жөніндегі мәжбүрлеп орындату шараларын қолдану ішкі істер органдары қызметкерлерінің, жеке сот орындаушылары көмекшілерінің және өзге де мемлекеттік органдардың жәрдемдесуімен жүзеге асырылады. Сот орындаушысының қызметтік іс-әрекетіне заңдарда тікелей уәкілеттік берілген

тұлғалардан басқа, ешкім де араласуға құқылы емес. Сот орындаушысының қызметіне заңсыз араласу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Осы заңның 10-бабына сәйкес атқарушылық құжат орындауға берілген күннен бастап атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша сот орындаушысы қабылдайтын шешімдер қаулылармен ресімделеді. Сот орындаушысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған қаулылар қағаз жеткізгіштегі қаулылармен тепе-тең мәнде болады. Сот орындаушысының қаулысында аумақтық бөлімнің атауы және мекенжайы немесе жеке сот орындаушысы кеңсесінің мекен-

жайы; қаулының шығарылған күні; қаулыны шығарған адамның лауазымы, тегі және аты-жөні; қаулы шығарылатын атқарушылық іс жүргізудің атауы мен нөмірі көрсетілуге тиіс. Атқарушылық іс жүргізуді қозғаудан бас тарту туралы қаулыда атқарушылық құжаттың атауы мен нөмірі; қаулы шығарылатын мәселе; қабылданатын шешімнің заңдарға және өзге де нормативтік құқықтық актілерге сілтемесі бар негіздемесі; мәселенің мәні бойынша қабылданған шешімді көрсететін қаулының қарар жазылған бөлігі; қаулыға шағым жасау тәртібі көрсетіледі. **Жадра ИСАБЕКОВА,** Жетісу облысы атқарушылық округінің жеке сот орындаушысы.

МЕДИАЦИЯ

## ДАУДЫ БІТІМГЕРШІЛІКПЕН БІТІРУ ТӘСІЛІ

Бүгінгі таңда халықтың да құқықтық сауаты арта түсіп, кез келген дауларын сотқа арқылы шешуге дағдыланып, қит етсе сотқа жүгініп, қаралатын істер саны арта түскені аңғарылуда. Иә, бұған да түсіністікпен қарауға болады. Алайда, өмір болғаннан кейін адамдар арасында бір бірімен келіспеушілік туып, ақыры араздық тудырып жататын жайлар кездесетіні ақиқат. «Ашу дұшпан ақыл дос» дегендей сондай сәттерде жеті өлшеп бір кесетіндей кесім айтатын арағайындар дауласқан екі тарапты райынан қайтарып, татуластырып жіберетін кездері де аз емес. Алайда, екі тарап та алған бетінен қайтпай, әрқайсысы өзіндік дұрыс деп, бетқайырмай істі сотқа беруге бел бұған жағдайда бүгінгі таңда соттың өзі де дауласқан екі тарапты бітімгершілікке шақырып, медиациялық жолмен дауды шешуге әрекет жасап жатады. Өйткені, қазіргі қолданыстағы Азаматтық процестік кодексте дауды бітімгершілік жолмен шешуге баса назар аударылған. Біздің елімізде медиация ұғымы кейіннен қолданыла бастағанымен оның түп төркіні қазақ даласының билер соты арқылы дауды бітіммен аяқтау болып табылғаны баршаға аян. Халқымызда «дау мұраты біту» деген пәлсапалық тәмсіл бар. Бұл жерде біту деген сөзі – бітім доғанды ұғымды білдіреді. Демек, қазақ қоғамында ежелден-ақ дауды бітіммен, ымырамен аяқтау кеңін өріс алған және оған аса мән берген. Ендеше, тарихқа тереңірек үңілсек бұл қызметті от ауыз-

ды, орақ тілді би-шешендеріміз атқарған. Даудың ақ-қарасын шешіп қана қоймай, дауласушы тараптарды бітімге келтіру де олардың басты мақсатының бірі екеніне көз жеткізуге болады. Соңғы кездері елімізде медиация жүйесі жақсы дамып келеді. Мамандар да медиацияның тынысын ашу қажеттілігін үнемі айтуда. Медиация белгілі бір механизм емес, ол тек дауларды шешудің баламалы, әрі ең қолайлы тәсілі болып табылады және оның бір ерекшелігі еріктілік, рәсімнің құпиялығы, қысқа мерзімде келісімге келу, келіссөздер жүргізу арқылы нақты бір ортақ шешімге келу, тараптардың тең құқылығын айтуға болады. Қазіргі таңда медиация жеке және заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын дауларда қолданылуда. Бұл ең алдымен тараптардың өз уақыттары мен қаржыларының үнемделуіне ықпал етеді. Сондай-ақ дауға қатысушы азаматтардың арасындағы мейірімді қатынастардың сақталып қалуына, құпиялықтың сақталуына әсер етіп, мемлекеттік баж салығы төленбеуімен және адвокаттың қымбат тұратын қызметін қажет етпейтіндігімен ерекшеленеді. **Меруерт ЕСЕЛБАЕВА,** **Текелі қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.**

ӘЛЕУМЕТТІК КЕСЕЛ

## ҚҰҚЫҚТЫ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Біздің еліміз үшін сыбайлас жемқорлықты жеңу мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі болып табылады. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөнінде өткен кеңесте халық арасында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын күшейтуге шақырған болатын. «Жемқорлық – індет, онымен күресу - міндет» қағидатын баршаның санасына сіңіру бүкіл мемлекеттік органның ортақ жұмысы болуға тиіс екендігін атап өтті. Сондай-ақ, Президент өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясында қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты мемлекеттің басым бағыттарының бірі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті атады. Осыған орай, бүгінгі таңда барлық мемлекеттік органдарының мақсаты да осы – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, болдырмау және жолын кесу, мемлекеттік қызметте реттік пен тәртіпті күшейтуге бағытталған шараларды қарастыруға жұмылдырылып отыр. Сондықтан жемқорлықты болдырмау барлық мемлекеттік органдар жұмысының негізгі басыңқы бағыттарының біріне айналған. Бұл тұрғыда, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы қолданыстағы заңнамаларға сәйкес мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшыларына қолтаңбасындағы қызметшілердің сыбайлас жемқорлық

қылмыстарын жасағаны үшін жауаптылық қарастырылған. Мемлекеттік қызметкерлер арасында бұл келеңсіз көрініске жол бермеу жолында Мемлекеттік қызмет жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты құралы ретінде мемлекеттік қызметшілер үшін этикалық стандарттарды белгілейтін Әдеп кодексі қолданылады. 2022 жылы мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі жаңа редакцияда қабылданды. Онда ашықтық, әділдік, адалдық, сыйпаылық, адал ниеттілік, және адамға бағдарлану-мемлекеттік қызметтің негізгі әдептік қағидаттары ретінде белгіленді. Осылайша, қызметшілер жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсетіп, өз қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуі, халықтың сұранысына сай қызмет көрсетуі және азаматтардың етініштерін қарау кезінде әуре-сарсаңға жол бермеуі тиіс. Әлеуметтік дертпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. **Бұлбұл АСЫЛБЕКОВА,** **Талдықорған өкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы.**

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ

## КӨПШІЛІКТІҢ КҮШ-ЖІГЕРІН БІРІКТІРЕ ОТЫРЫП

Қазіргі таңда қоғам алдындағы өзекті мәселелердің бірі - сыбайлас жемқорлық. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны ұрпақ тәрбиесіне зиян әкелетіні бәрімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиянын тигізеді және заман ағысымен бірге өсіп - өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған дерттің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Яғни, осы әлеуметтік кеселмен күресу барша халықтың

алдында тұрған ортақ мәселе екені айқын. Қоғамдағы көкейтесті мәселе болып, өзек жарды проблемаға айналып отырған сыбайлас жемқорлық – ел ішіне білінбей кірген індет, жау. Бұл індетті жою бәріміздің міндетіміз. Ал біздің осы жауға қарсы қолданар қаруымыз - қоғам. «Қоғам – өмірдің айнасы» дейміз. Айналамыз таза болса, өзіміздің әсемдігіміз еріксіз байқалады. Сондықтан да қоғам қарсы болса, жай емес, түгел қарсы болғанда ғана бұл індетті жоймақпыз. Айта кету керек, бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары «Сы-

байлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуде. Бұл заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қатерлерден тиісті қамтамасыз етуді көздейді. Дегенмен, бұл кеселмен жұртшылық болып күрескенде жақсы нәтижеге жетуге болатыны айдан анық. Сондықтан өркениетті дамытқысы келетін, ортасын құрметтейтін әр азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел

ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өзіндік үлес қосса нұр үстіне нұр болар. Түптеп келгенде ол әр азаматтың басты парызы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жұрт болып жұмыла қарсы тұру, оны насихаттау ісі де ұшан-теңіз септігін тигізеді. Әлбетте, көпшіліктің күш-жігерін біріктіре отырып, сыбайлас жемқорлықтың түбіріне балта шабуға мол мүмкіндік туары даусыз. **Өсет ДАУЫТОВ,** **Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының аға сот приставы.**

ЖАЙДАРМАН ЖАҒАЛЫҚТАР

ЖЕТІСУЛЫҚТАРДЫҢ ЖЕҢІСТІ ЖОЛДАРЫ ЖАЛҒАСУДА

1. Астанадағы «Барыс Аренада» волейболдан әйелдер командалары арасында ел чемпионатының шешуші кезеңі мәресіне жетті. Былтырғы маусымның жеңімпазы «Жетісу» екі күн болған финалда Петропавлдың «Қуаныш» командасынан (бас бапкері Юрий Панченко) басым түсті. Бірінші күні 3:2 (25:22, 19:25, 12:25, 25:21, 15:12) есебімен, ал екінші күні 3:1 (25:13, 25:21, 21:25, 25:21) нәтижесімен ұтты. Алғашқы ойында «Жетісу» сапынан Мю Ивэн (25 ұпай: 1 әйс, 22 шабуыл, 2 тосқауыл) үздік нәтиже ие болса, келесі күні Татьяна Никитинаның (20 ұпай: 2 әйс, 18 шабуыл) көрсеткіші жақсы болды.

Осылайша, сербиялық маман Марко Гршичтің шәкірттері екінші жыл қатарынан ел чемпионы атанып, «Жетісу» клубы өз тарихында оныншы рет Қазақстан чемпионатында үздік шықты.

Қола жүлде үшін бәсекеде жетісудың түлегі, танымал волейбол шебері Асқар Шалқыбеков жаттықтыратын Түркістанның «Тұраны» үш ойынның қортындысы бойынша «Берел» (Өскемен) командасынан басым түсіп, Қазақстан біріншілігінің қола жүлдегері атанды.

– Әрине, екінші мәрте чемпион болу – үлкен қуаныш. Осыған дейінгі еңбектің өтеуі есебінде қабылдаймын. Командамыздың ауызбіршілігі, ұйымшылдығы осындай сын сағатта өз нәтижесін берді деп ойлаймын. Осымен тоқтап қалғымыз келмейді, бір аптадан кейін Тайландта өтетін 2-ші Азия чемпиондар лигасына қатысамыз. Ол жерденде жүлдемен қайтықымыз келеді, – дейді «Жетісу» волейбол клубының ойыншысы Перизат Нұрбергенова.

Осылайша «Жетісу» волейбол клубы ел чемпионатын 10 рет (2009, 2015, 2020, 2025, 2026) жеңіп отыр. Былтырғы маусымда «Жетісу» өзі қатысқан жарыстардың барлығында (ел чемпионаты, Қазақстан кубогымен Суперкубогы және Филиппинде өткен Азия чемпиондар

лигасында) жеңіске жетті. Биыл Қазақстан кубогында 3-орын алып, ел Суперкубогына жеңген еді.

2. Арменияның Ереван қаласында 2026 жылдың 9–13 сәуір аралығында өткен самбодан Әлем кубогінде спортшымыз Құатай Арнұр тамаша нәтиже көрсетті. 71 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен спортшымыз барлық қарсыластарынан басым түсіп, жарыс қорытындысы бойынша I орынға ие болды. АРНҰРДЫ тамаша табысымен құттықтаймыз! бұл жеңісі – ел намысын халықаралық деңгейде абыроймен қорғаған жарқын жетістік.

3. 2026 жылдың 7–12 сәуірі аралығында Таиланд астанасы Бангкок қаласында пара пауэрлифтингтен Азия–Океания ашық чемпионаты өтті. Дүбірлі додаға 23 мемлекеттен жиналған 249 спортшы қатысып, өзара мықтыны анықтады. Аталған халықаралық бәсекеде Жетісу облысының спортшылары да жоғары дайындықпен келіп, ел намысын абыроймен қорғады. Ардагерлер арасында сынға түскен Раушан Қойшыбаева қарсыластарына дес бермей, I орынды иеленіп, алтын жүлдеге қол жеткізді. Ал, Рахметжан Хамаев жарыс қорытындысы бойынша жалпы есепте II орынды еншілеп, күміс жүлдегер атанса, үздік нәтиже көрсеткіштері бойынша III орынға ие болып, қола медальді де қоржынына салды. Сонымен қатар, Адылжан Баутов та үздік нәтиже көрсеткіші бойынша III орын алып Жетісу өңірінің абыройын асқақтатты.

4. Жетісу облысы дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Жақанұлы каратэ шинкиокушинкайдан қара белбеудің I дан дәрежесіне қол жеткізген жас спортшыларды марапаттау рәсіміне қатысып, арнайы құрмет көрсетті. Осындай құрметке жас та болса қара белбеу иегерлері атанған Қағазбай Әлісұлтан, Қадырбекова Наира, Әлібек Айбек білікті бапкерлерінің



Волейбол



Волейбол



Самбо



Пара пауэрлифтинг



Қара белбеу иелері



Маунтинбайк



Бокс

жетекшілігімен жалықпай жаттығудың, шеберлікті үнемі шыңдаудың арқасында қол жеткізгені айдан анық.

5. Шымкент қаласында өткен велоспорттан (маунтинбайк) Қазақстан чемпионатында

жерлесіміз Денис Сергиенко тағы да үздік нәтиже көрсетіп, ел біріншілігінде топжарды. Маунтинбайктың кросс-кантри олимпик (XCO) түрінде бақ сынаған ол қарсыластарына еш мүмкіндік қалдырмай, айқын басымдықпен

жеңімпаз атанды. Бұл – спортшының жоғары дайындық деңгейі мен табандылығының жарқын дәлелі. Денисті кезекті жеңісімен құттықтай отырып, алдағы жарыстарда да биік белестерді бағындыра беруіне тілектеспіз!

6. 2026 жылдың 1–6 сәуірі аралығында Әзербайжан Республикасының Баку қаласында әйелдер арасында «Жібек жолы» атты бокстан халықаралық турнир өтті. Аталған додада спортшымыз Әнел Құдайберген жоғары деңгейде өнер көрсетіп, қарсыластарынан оқ бойы озып, I орын иеленді. Жеңімпаз спортшымыздың жаттықтырушысы-Ахметов Жанкелді. Әнел Құдайбергенді жарқын жеңісімен құттықтай отырып, спорттық жолында табыстың тайқазанын табыста беруін тілейміз!

АЛУА БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Жетісу облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының баспасөз хатшысы.

АУДАН СПОРТЫНЫҢ АХУАЛЫ

ҚАРАТАЛДЫҚТАРДЫҢ ҚОРЖЫНЫ ҚОМАҚТЫ

Қаратал ауданының спортшылары кейінгі өтіп жатқан турнирлерде жиі топжарып, табысты өнер көрсетуде. Сөзіміздің дәлелді болуы үшін олардың қатысуымен өткен бірқатар жарыстарда қол жеткізген көрсеткіштері жайлы қысқаша деректер келтіре кетсек. Айта кету керек, бұл турнирлерде аудан намысын Қаратал ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің оқушылары қорғады.

1. Алматы қаласында диск лақтырудан, спорттық жүрістен және алыс қашықтықтарға жүгіруден Қазақстан Республикасының чемпионатында Қаратал ауданының спортшылары көтеріңкі көрсеткішке қол жеткізді. Атап айтқанда, диск лақтырудан Надежда Лашкина ең үздік көрсеткішпен жеңіс тұғырына көтерілсе, спорттың осы түрінен оның жерлесі Егер Басалаев үшінші жүлделі орынға табан тиреді.

2. Алматы қаласында үш күнге созылған бокстан республикалық турнирде Қаратал ауданының балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің түлектері тамаша табысқа жетті. Олар жалпы



Метание диска Басалаев Егор 3 место



Метание диска Лашкина Надежда



Баскетбол



Баскетбол



Бокс



Волейбол

есепте үш алтын, төрт күміс және төрт қола медальға ие болып, қоржынға 11 медаль жиынтығын салды. Атап айтсақ, балғын былғары қолғап шеберлері Базарбаев Даут, Зимова Анастасия, Даулетбек Арман алтыннан алқа тағынса,

Дурыскельды Айбек, Дурсун-Оғлы Амир, Болат Айбат, Ким Радмир күміс медаль еншіледі. Ал, Хрупин Максим, Давыденко Кирил, Арыс Ерсұлтан, Ерадилов Арнур қола медальды қанжығалады. Оларды білікті бапкер Роман Щегринов жаттықтырады.

3. Аудан баскетболшылары облыс чемпионатынан олжалы оралды. Мәселен, U-13 санатындағы жасөспірімдер арасындағы баскетболдың 3x3 үлгісі бойынша Жетісу облысының біріншілігінде Қаратал ауданы балалар және жасөспірімдер спорт

мектебінің түлектері екінші орынға ие болып, күміс жүлдегер атанды.

4. Аталған спорт мектебінің оқушылары самбодан 2010-2011 ж.т жасөспірімдер арасында өткен Жетісу облысы чемпионатында да атой салып, қоржындары қомақты оралды. Юсупжан Сайынов баптаған бұрымды самбошылар Шырайлым Нұрғасым 41кг салмақта, Айзере Ағдарбек 44 кг салмақта облыс чемпионы атанса, олардың командалас құрбылары Мейіргүл Құдайберген мен Айназ Даниял қола жүлдегер атанды. Ал, ұлдар арасында Шамиль Хамидов екінші орынға ие болса, Мадрна Пашаолгы қола жүлдеге қол созды.

5. Волейболдан 2009-2010 ж.т жасөспірім ұлдар арасында өткен Жетісу облысы чемпионатында қараталдық жас волейболшылар жеңіске деген жігер мен асқан ұйымшылдық танытып, өрнекті ойын үлгісін көрсетті. Осындай ұмтылыстың арқасында жарыс қорытындысы бойынша үздік үштікті түйіндеп, қола жүлдемен марапатталды.

Ш.БАТОВ.

ПАЙДАЛЫ КЕҢЕС

ҰЙҚЫДАН ОЯНҒАНДА БЕТТІҢ ІСУІ НЕНІ БІЛДІРЕДІ?

**КҮНДЕ ТАҢЕРТЕҢ ҰЙҚЫДАН ОЯНҒАНДА БЕТІҢІЗ ІСКЕНІН БАЙҚАЙСЫЗ БА? БЕТТІҢ ІСУІНЕ НЕ СЕБЕП ЕКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?**

Алдымен беттің ісіну себептерін анықтап алайық. Ағзада артық сұйықтықтың жиналуы салдарынан бет ісінетінін жақсы білеміз. Оған әсер ететін факторлар:

**Дәрі-дәрмек.** Құрамында пенициллин, глюкокортикоид және аспирин бар дәрі қабылдайтын болсаңыз, бетіңіздің ісінуі – қалыпты жағдай. Сондай-ақ екіқабат болуға қарсы (противозачаточный) дәрілер, қан қысымын бақылайтын депрессияға қарсы дәрілер де беттің ісінуіне себепкер болады. Косметикалық құралдардан да беттің ісінуі мүмкін.

**Денсаулық.** Егер бетіңіз үнемі ісіп жүретін болса, дәрігерлерге қаралып, себебін анықтаған дұрыс. Өйткені аллергия, гайморит, конъюнктивит, қан тамырлары жүйесі, бүйрек пен бауыр, семіздік салдарынан бет ісінеді.

**Құрғақтық.** Ағзаға су жетіспесе де, артық сұйықтық жиналады. Адам ағзасы солай, егер сұйықтық жетіспесе, артық су, яғни қор жинай бастайды. Сондықтан беттің ісігін қайтарғыңыз келсе, күн сайын 8 стаканнан кем емес су ішіңіз.

**БЕТТЕГІ ІСІКТІ ҚАЛАЙ БАСАДЫ?**

**Мамықты қолданбаңыз.** Неде ұйықтайтыныңызды тексеріңіз. Егер құс мамығына аллергияңыз бар болса, одан жасалған көрпе мен жастықты қолданбаңыз. Көзіңіз бен бетіңізге бірден

бір себепкер осы төсек жабдықтары болуы мүмкін.

**Жуыныңыз.** Бетті суық сумен жуыңыз. Және мұз кесектерімен бетті асықпай сүртіңіз. Ромашка және жалбыз тұнбасынан дайындалған мұз кесегі болса, тіптен жақсы.

**Бетті салқындатуды жалғастырыңыз.** Бетті салқындатуға арналған түрлі гельдер, маскаларды қолданып көріңіз. Кез келген дәріханалардан таба аласыз.

**Көкөніс-жемістер.** Көкөніс пен жемістер күнделікті тамақтануда ғана емес, бетке түрлі маскалар жасауға да керемет көмектеседі. Беттің ісігін тез арада кетіргіңіз келсе, салқындатылған жемістің не көкөністің тілімдерін бетіңізге басып, бірнеше минут отыра тұрыңыз. Қиярдың әсері көп.



stan.kz сайтынан алынды

... Бөкеев (жазушы)	Соғыс қаруы	Институт басшысы	Ұлыбритания	Атос, Партос, ...	Жамаңқасиемтің бірі	Жаңа жылдық балл	Күш, дәрмен	Табыс етілген нәрсе	Отандық радио	Джава-харлал ...
...	...	...	... Кристи	Ас ішетін орын	Өз ісінің шебері	...	...	Ақан серінің ұлы	Ең ауыр жаза	Су жағасында өсетін есімдік
...	Азат, бос	Сирия	...	...	...	Мөлдір	...	...	... Крузо	Темір ақша
...	...	...	...	...	Құран сөйлемі	Жер бетін билеуші	... ошар	...	...	Күйе
...	Өсімдіктану ғылымы	Бір жылдық шөп тектес өсімдік	...	...	...	...	Бал ашатын карта	...	...	Спорттағы басталу бұйрығы
...	Сұлу, көркем	Аллаға сені	Отандық телеарна	30 күн	Жұрдай, жок, мақұрым	...	Түйе	Үйлену	Лента	...
...	Тайпа	Ағылшын принципсасы	...	...	Талант, қабілет	...	...	Мұхит алыбы	...	Даму, жалғасу
...	...	...	Мергендер ойыны	...	Жыр	Өнер түрі	Жас отауға берілетін ұлес	Ойынға құмарлық	...	Биік, жоғары
Жақсы нәрсені көруге берілетін ақы	Үй жиһазы	... Твен	...	Көрумен жүк тасу	Ала шапанды көрші	...	...	«...-Джульетта»	...	...
...	...	...	Көбею	Германия қаласы	Жетілген әуе көлігі	...	...	...	Мал астауы	Мұсылман мерекесі
...	Баланың әйелі	Жабыстырғыш зат	Мода (аударма)	Билеуші орын	...	Мүгедек, кемшін	Ресей телеарнасы	...	Кеш (ант.)	...
...	...	...	...	...	Ағза	Басқа жақтан келген жан	...	...	Бір шоғыр адам	Өнер түрі
...	Кино түсіруші	Отбасы, жанұя	...	...	...	...	Денеден бөлінетін су	...	Қазақстандағы қала	...
...	...	...	Ырғақ, саз, әуен	Жаһан, ғалам	...	...	Әскери бөлім	...	Бидегі қадам	...
...	Мысық тектес аң	Қысқы аяқ-киім	Еуропадағы XVIII-XIX ғ. қайта өрлеу	Түп, тамыр Папа	...	...	Бақсының өмі	Дерілік өсімдік	«Қанатсыз ... болмайды»	Ресей қаласы
...	...	...	Сүйеу, тірек	Қысқы киім	Ырзық, несіп	...	...	...	...	Балық түрі
...	Іскер, шебер	Автокөлік бөлшектері	...	...	Адам көркі	Жеті жоқтың бірі	Құжатты растайтын таңба	Нота	Қатаң	...
Бетеле	Таралым, дана (газет)	Жасы кіші ер адамды атау	...	...	...	...	...	...	Жыл атауы	Апорт алмасы бер қала
...	...	...	...	Қытай	Жүзге жатпайтын ру	...	...	...	Құрылыс жұмысы	...
...	Шеткі, соңғы	Беттегі дақ	...	...	Күн көсем	Ас атасы	Перзент	Мал жайылымы	Жады	Шаһар, кент
...	...	...	...	Шылау сөз	...	Туыстық атау	Өрнек, нақыш	...	...	Жебе
...	Құлақ дәрігері	Ұшақ маркасы	Хим-ық элемент	...	Қатты ағаш	...	...	Домалақ (ант.)	...	Салмақ өлшемі
...	...	...	...	...	Көңіл аудару	...	...	Өтірдің ыдысы	...	Жыл мезгілі
...	... Белгозиев	Радиостансасы	Тышқанның үйі	...	Жіңішке жөндік	...	...	...	Сырт	...

**ШЕБЕР ҚОЛ**

*АҚҚУҒА  
АЙНАЛҒАН  
АҚ ҚАҒАЗ*

Еркін ауылындағы №26 мектептің 7-шыны оқушысы **САЙДАЛЫ** Гүлзара - қолөнерге жаппы жақын, ісмер қыздардың бірі. Оның қарағдан жасаған бұйымдарына қарап, қарапайым дүниеден дәмдік тудыра білетін ерекше қабілетін байқауға болады.

Суреттегі нәзік аққу – соның дәлелі. Әр бөлшегі ұқыптылықпен бүктеліп, бір-бірімен үйлесім тапқан бұл туынды үлкен шыдамдылық пен еңбекті қажет етеді. Гүлзара мұндай жұмыстарды жасауға шабыт беруде. Арқылы бос уақытын тиімді өткізіп қана қоймай, өз шеберлігін де шындап жүр.



Жас өнерпаздың айтуынша, ол бұл іске қызығушылықты интернеттен көрген түрлі қолөнер үлгілерінен алған. Бүгінде сол қызығушылық сүйікті ісіне айналып, жаңа дүниелер жасауға шабыт беруде. Мұндай өнер баланың ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, еңбекке баулиды. Гүлзараның арманы – алдағы уақытта қолөнерін одан әрі жетілдіріп, үлкен көрмелерге қатысу. Қарапайым жас таланттың талпынысы мен еңбегі көпке үлгі болу керек. Себебі үлкен жетістікке бастар жол осындай кішкентай қадамдардан басталады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Құрылтайшы: **Ырым КЕНЕНБАЙ**

Баспаханна директоры  
Бақберген ТУКИБАЕВ

Бас редактор  
Баян ТАҢАТАРОВА

Редакция алқасы:

Гүлнұр БАЙМҰХАН – редактордың орынбасары  
Сембек ӘБДІРАХМАНОВ – тілші  
Дария ТАСҚЫНҚЫЗЫ – журналист-корректор

Кезекші редактор: Г. БАЙМҰХАН



Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция кезқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Оффсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;  
E-mail: alatau.offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru  
Сайты: alatau\_gazeti  
Газет 07.08.2000 жылдан бастап қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет - жұма күні шығады.

Таралымы 2000  
Талсырыс № 375  
Индекс 15534

Меншік иесі  
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ